



ҚАЗАНДЫҚТАР
ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

5-БЕТ | ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



МҮСІРКЕМЕ,
МҮМКІНДІК БЕР

10-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Қазақстанда 100-ден аса этнос өкілдері ынтымақ пен бірлікте өмір сүріп, 18 діни конфессияның 4 мыңнан астам бірлестіктері еркін қызмет етеді. Біз мұны теңдессіз байлық пен бірегейлік санаймыз. Елімізде және бүкіл әлемде диалог пен ынтымақтастықты нығайту – Қазақстан ұстанған саясаттың маңызды бөлігі. Мұны біздің баға жетпес байлығымыз әрі мызғымас басымдығымыз деп санаймыз. Съездің өткізілуі – еліміз бен бүкіл әлемде диалог пен ынтымақтастықты нығайтуды көздейтін Қазақстан саясатының маңызды бағыты.

№109
(4387)
Бейсенбі
15 қыркүйек
2022 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



2-3

ЖАҢАНДЫҚ ӨРКЕНИЕТАРАЛЫҚ ДИАЛОГ АЛАҢЫ

Кеше елордадағы Тәуелсіздік сарайында Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезі басталды. Екі күнге созылатын халықаралық жиында әлемнің 50 елінен келген дін (ислам, христиан, буддизм, иудаизм, индуизм, даосизм, синтоизм және т.б.) көшбасшылары жаһандық қауіпсіздік пен бейбітшілікке қатысты ең түйткілді мәселелерді диалог алаңында талқылады.

Мәртебелі меймандардың арасында Рим Папасы Франциск, Әл-Азхардың Жоғарғы имамы, шейх Ахмад ат-Тайеб, Иерусалим патриархы III Теофил, Ашкеназдың бас раввині Давид Лау, Израильдің Бас сефард раввині Ицхак Иосиф және басқалары бар. Кеше съезд «Пандемиядан кейінгі

кезеңдегі адамзаттың рухани және әлеуметтік дамуындағы әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының рөлі» деген тақырыптағы пленарлық отырыспен ашылды.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезі дұға жасау үшін бір минуттық үнсіздіктен басталды.

ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Кеше Қытай Халық Республикасының төрағасы Си Цзиньпин Қазақстанға мемлекеттік сапармен келді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қытай Халық Республикасының төрағасы Си Цзиньпинді елорда әуежайында қарсы алды.

Мәртебелі қонақтың құрметіне әуежайда құрмет қарауылы сап түзеп тұрды. Рәсім аяқталғаннан кейін кортеж Ақорда сарайына бағыт алды. Онда Қазақстан мен

ҚХР көшбасшылары қазақ-қытай стратегиялық серіктестігін жаңа жақты нығайтудың келешегін талқылады.

4



Нұр-Сұлтан қаласында ономастика комиссиясының кезекті отырысы өтті. Күн тәртібіне сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының атын Астана деп қайта атау туралы мәселе талқыланды.

Осыған дейін Нұр-Сұлтан қаласының тұрғындары бірнеше рет, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісіндегі «Жаңа Қазақстан» депутаттық тобы елорданы Астана қаласы деп қайта атау туралы мәселе көтерген болатын.

Ономастика комиссиясының мүшелері елорданың атын өзгерту туралы ұсынысты қолдады.

Елорданың атын өзгерту мәселесі қала мәслихатының қоғамдық тыңдауларының қарауына шығарылады.

Қоғамдық тыңдаулар 2022 жылдың 15 қыркүйегінде сағат 10:00-де онлайн форматта қала жұртшылығының, мәслихат депутаттарының қатысуымен өтеді.

Қоғамдық тыңдауларға қала тұрғындары Facebook (елорда мәслихатының ресми парақшасы) арқылы қатыса алады, Zoom сервистік платформасында БАҚ өкілдерінің қатысуы үшін сілтеме қолжетімді болады.

Азаматтардың барлық ұсыныстары тыңдау барысында жарияланады.

Қала тұрғындарының және Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты депутаттарының назарына!

2022 жылғы 15 қыркүйекте сағат 12.00-де Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының жетінші сайланымының кезектен тыс сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі мәселе енгізіледі:

1. Қазақстан Республикасының астанасы – Нұр-Сұлтан қаласын Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласы деп қайта атау туралы.

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының хатшысы
Е.КАНАЛИМОВ

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 481.21 \$ USD/KZT 473.45 ₸ RUB/KZT 7.89 ¥ CNY/KZT 68.3

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



ҮМІТТІҢ ДӘНЕГІ – ДІНАРАЛЫҚ ДИАЛОГ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Рим Папасы Францискті елорда әуежайында қарсы алды.



Кездесу рәсімі барысында мемлекеттер басшылары бір-біріне екі елдің делегация мүшелерін таныстырды. Содан кейін Қазақстан Президенті мен Католик шіркеуінің басшысы президенттік терминалдың Каминді залында қысқаша әңгімелесті.

Одан кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ақордада Рим Папасы Францискпен кездесу өткізді. Понтификті Президент сарайында ресми қарсы алу рәсімі болды. Құрмет қарауылы ротасының бастығы рапорт бергеннен кейін екі елдің мемлекеттік әнұрандары шырқалды. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Рим Папасы Құрмет қарауылының алдынан өтіп, екіжақты келіссөз жүргізу үшін «Шығыс» залына барды. Қасым-Жомарт Тоқаев Католик шіркеуінің басшысына ілтипат білдіре отырып, Қазақстанға келгені үшін ризашылығын білдірді. «Сіздің Қазақстанға, жалпы айтқанда, Орталық Азия аймағына алғашқы апостолдық сапарыңыз менің отандастарымды қай дінді ұстанатынына қарамастан зор қуанышқа бөледі. Сіздің бұл сапарыңызды қайырымдылық пен әділдік жолындағы рухани көшбасшылықтың жарқын үлгісі ретінде бағалаймын. Қасиетті Иоанн Павелдің Қазақстанға жасаған тарихи сапары 2001 жылы қыркүйекте, сол жылғы 11 қыркүйекте бүкіл әлемді ауыр күйзеліске түсірген АҚШ-тағы террорлық актіден кейін болды. Оның символдық мәні зор еді» деді Мемлекет басшысы.

Президент Рим Папасының сапары халықаралық аренадағы жағдайдың шиеленісуі мен

әлемдегі ауыр геосаяси ахуал аясында өтіп жатқанына назар аударды. Қасым-Жомарт Тоқаев Католик шіркеуі басшысының Қазақстанға келуі және оның Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезіне қатысуы өте маңызды оқиға екенін атап өтті. Президенттің айтуынша, Рим Папасы бейбітшілік пен өзара түсіністікке шақыратын бастамаларға себепші болуы мүмкін. Өзара сенім мен құрмет көрсету жағдайында өткен кездесуде Мемлекетіміздің басшысы мен Рим Папасы конфессияларлық келісім мен дінаралық диалогты, Қазақстан мен Ватикан арасындағы ынтымақтастықтың даму перспективаларын ілгерілетудің өзекті мәселелерін талқылады, сондай-ақ қазіргі заманның сын-қатерлері жөнінде пікір алмасты.

Одан соң Қасым-Жомарт Тоқаев пен Рим Папасы Франциск кейін «Қазақстан» орталық концерт залында азаматтық қоғам және дипломатиялық корпус өкілдерімен бірлескен кездесу өткізді. Мемлекетіміздің басшысы бүгін еліміз үшін тарихи күн екенін атап өтті. «Рим Папасы Франциск Қазақстанға алғаш рет апостолдық сапармен келді. Биыл Қазақстан мен Ватикан арасында дипломатиялық қатынас орнағанына 30 жыл толды. Сіздің сапарыңыз осы мерейлі межеге тұспа-тұс келіп отыр. Біз бұл сапарға айрықша мән береміз. Себебі бүгінгі кездесу біздің түрлі саладағы ынтымақтастығымызды жаңа деңгейге көтереді» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев адамзаттың игілігі жолындағы

Понтификтің қажырлы және табанды күш-жігерін қолдады. «Сіз Қазақстанға адамзат тарихындағы бетбұрыс кезеңінде келдіңіз. Түрлі мәдениеттер мен діндер өкілдерінің бейбітшілік, әлеуметтік үйлесімділік және өзара қолдау көрсету жолында адамдарды біріктіру үшін даналық пен күш-қуат көрсететін уақыты жетті деп ойлаймын» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездерін өткізу Қазақстанның әлемдегі келісім мен диалогты қамтамасыз етуге бағытталған күш-жігерінің бір көрінісі екеніне назар аударды. «Съезд алғаш рет 2003 жылы шақырылған уақыттан бері адамдардың әралуандығына қарамастан оларды жақындастырудың жақсы үлгісіне айналды. Тек диалог, адамдардың бауырмалдығы мен сыйластығы ғана бірге бейбіт өмір сүруге және толеранттыққа жол ашатынына кәміл сенемін. Осы ретте мен Қасиетті Тақтың съезд жұмысына өлшеусіз үлес қосып, кең қолдау көрсеткенін жоғары бағалаймын» деді Мемлекет басшысы.

Будан кейін Рим Папасы Франциск жиынға қатысушылар алдында сөз сөйледі. Ол ежелгі қазақ жеріне жасаған апостолдық сапарына көңілі толатынын жеткізді. Понтификтің айтуынша, ол мұнда диалог

пен бірлік іздеу мақсатымен бейбітшіліктің елшісі ретінде келген. «Сіздерде «береке басы – бірлікте» деген мәтел бар. Бұл барлық жерде, әсіресе осы жерде маңызды ұғым екені сөзсіз. Елде 150-ге жуық этникалық топ пен сексеннен астам тіл бар. Әртүрлі тарихы, мәдени және діни дәстүрлері бар бұл халықтар бірлесе, адам айтса нанғысыз ынтымақтастық орнатқан. Сондай-ақ Қазақстанды көпұлтты, мультимәдениетті, көпконфессиялы бірегей мекенге айналдырды және бұл мемлекеттің Кездесулер елі деген ерекше атына сай келеді» деді Понтифик.

Католик шіркеуінің басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстанда өлім жазасын алып тастау жөніндегі шешімін қолдады. Оның пікірінше, бұл әрбір тұлғаның үміт етуге құқығы жолындағы адам өмірінің құндылығын растайды. Рим Папасы қазіргі геосаяси шиеленіс жағдайында аса қажет диалогқа қолдау көрсету үшін дипломатиялық күш-жігерді жандандыруға шақырды. «Араздықты шиеленістірмеуді үйренетін, блоктардың бір-біріне қарсылығын күшейтуді тоқтататын уақыт жетті. Бізге халықаралық деңгейде халықтар арасындағы өзара түсіністік пен диалогқа ықпал ете алатын және «Хельсинки рухын» қайта жандандыратын, мультилатерализмді нығайтуға ұмтылатын, өскелең ұрпақ үшін тұрақты әрі бейбіт әлем құратын көшбасшылар керек. Бұл үшін бәрімен түсіністік, төзімділік және диалог қажет. Қайталап айтамын, бәрімен!» деді Рим Папасы Франциск.

Понтифик қарусыздану, ядролық қаруды таратпау, экономиканы көміртегінен арылту және энергияның баламалы көздеріне инвестиция құю жөніндегі Қазақстанның күш-жігерін жоғары бағалады. «Дінаралық диалог орнату ісімен қатар мұның бәрі адамзаттың ортақ болашағы үшін егілген үміт дәні. Қасиетті Тақ осы жолда сіздерді қолдайды» деді Рим Папасы. Католик шіркеуінің басшысы сөзінің соңында Қасым-Жомарт Тоқаевқа көрсеткен қонақжайлылығы үшін ризашылығын білдіріп, елімізге бейбітшілік пен бірлік тіледі. Жиын соңында Қазақстан Президенті Понтификке жылы лебізі мен елімізге деген құрметі, сондай-ақ мазмұнды сөзі үшін алғыс айтты.

P.S: 16 желтоқсанда елордадағы бас мешітте «Әл-Азһар» Жоғарғы имамы, шейх Ахмад ат-Тайеб жұма уағызын өткізеді. Ал кеше Рим Папасы ЭКСПО аумағындағы алаңда діни мессасын өткізді.

МЫСЫР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ СӘЛЕМІН ЖЕТКІЗДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әл-Азһар» университетінің Жоғарғы имамы Ахмад ат-Тайебпен кездесті.

Президент Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының басқосуына орай жолдаған шақыруын қабыл алғаны үшін «Әл-Азһар» ислам университетінің Жоғарғы имамы, шейх Ахмад ат-Тайебке ризашылық білдірді. «Біз өзіңіз басқаратын «Әл-Азһар» университетін ортақ дініміз – ислам құндылықтарын дәріптеуші «шамшырақ» ретінде қарастырамыз. Сондықтан толеранттық пен ұстамдылықты, сабырлық пен мейірімділікті ту еткен орталық ғұламаларының бүгінгі Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының басқосуына қатысуы біз үшін өте маңызды» деді Президент. Қасым-Жомарт Тоқаев мәртебелі мейманға ислам білімінің



ордасы және діни экстремизмге қарсы іс-қимыл орталығы саналатын «Әл-Азһар» университетінде қазақстандық студенттердің білім алуына жасаған жағдайды жоғары бағалайтынын жеткізді. Сонымен қатар «Әл-Азһардың» Қазақстанда ислам білімі мен зерттеулерінің дамуына қомақты үлес қосып отырғанын ерекше атап өтті.

Келесі жылы сұлтан Бейбарыстың туғанына 800 жыл толады. Мемлекет басшысы аталған мерейтойға дайындық аясында Қазақстан тарапы Каирдегі сұлтан Бейбарыс мешітін қайта жөндеуге айтарлықтай үлесін қосатынын айтты. Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Мысыр Президенті Әбдел Фаттах ас-Сисиге ыстық ықыласқа толы сәлемін жолдады. Өз кезегінде «Әл-Азһардың» Жоғарғы имамы Мемлекет басшысына Мысыр Президентінің жүрекжарды сәлемін жеткізді.



Төлен
ТІЛЕУБАЙ

(Соңы. Басы 1-бетте)

**ҚАЙШЫЛЫҚТАРДЫ
КҮШПЕН,
ҚОРҚЫТУМЕН
ШЕШЕ АЛМАЙМЫЗ!**

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезі дұға жасау үшін бір минуттық үнсіздіктен басталды. Одан кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пленарлық отырысты ашып, Қазақстан үшін әлемнің ең құрметті рухани көшбасшыларын бірге жинап, диалог орнату үлкен құрмет екенін атап өтті. Президент Ватикан мен Католик шіркеуінің басшысы Рим Папасы Францискке, ең көне Әл-Азһар ислам университетінің Жоғарғы имамы Шейх Ахмад ат-Тайебке, Орыс православ шіркеуінің өкілдеріне, Израильдің Бас ашкеназ раввині Давид Лауға, Израильдің бас сефард раввині Ицхак Иосифке және форумның барлық қатысушысына өзінің ілтипатын білдірді.

«Біздің шақыруымызды қабыл алып, Қазақстанға келгендеріңіз үшін бөріңізге алғыс айтамын. Бұл бейбітшілікті сақтауға және өркениетаралық диалогты нығайтуға бәріміздің мүдделі екенімізді көрсетеді. Өзгеріске толы әрі белгісіздік белең алған қазіргі заманда бүгінгі басқосудың айрықша мәні бар. Біздің съезд өркениетаралық диалог орнататын жаһандық деңгейдегі алқалы жиынға айналды. Бұл форумды өткізуге Қазақстанның бастамашылық етуі бекер емес. Себебі қазақ жері ғасырлар бойы Батыс пен Шығыстың арасындағы көпір болып келеді. Осында, яғни Ұлы дала төрінде небір алып көшпелі империялар өмір сүрген. Діни ұстамдылық – олардың бәріне ортақ сипат» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Қазақстан халқының түрлі өркениеттер мен діндердің дәстүрін, төзімділік пен ашықтық қасиеттерін қабылдағанына жұрттың назарын аударды. Сондықтан «бірлігіміз – әралуандықта» қағидаты еліміздің негізгі ұстанымына айналды. «Қазіргі уақытта 100-ден астам этнос Қазақстанда өзара түсіністік пен келісім жағдайында өмір сүреді. 18 конфессияның 4 мыңға жуық діни бірлестігі еркін жұмыс істеп жатыр. Мұны біздің баға жетпес байлығымыз әрі мызғымас басымдығымыз деп санаймыз. Съездің өткізілуі – еліміз бен бүкіл әлемде диалог пен ынтымақтастықты нығайтуды көздейтін Қазақстан саясатының маңызды бағыты. Бұған дейінгі форумдарда қабылданған декларацияларда қандай идеялардың атын жамылғанына қарамастан радикализм, зорлық-зомбылық пен қақтығыстар әрдайым

сынға алынды. Қазіргі күрделі жағдайда діни көшбасшылардың бір үстел басына отырып, кез келген қайшылықты еңсеретін ізгі амалдың үлгісін құллі әлемге көрсетуі аса маңызды. Менің ойымша, біздің съездің басты миссиясы мен ерекшелігі осында» деді Президент.

Мемлекет басшысы індеттің таралуы экономика, саясат, әлеуметтік қатынастар сияқты өмірдің барлық саласына қатты ықпалын тигізді деп санайды. Карантиндік шаралар тауар тасымалдау жолдары мен қызмет көрсету, туризм, көлік және басқа да салаларға кері әсерін тигізді. Дағдарысқа қарсы мемлекеттік шығындардың артуы экономиканың құлдырауын тежеді, бірақ жаһандық инфляцияның өсуіне ықпал етті. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, ірі державалар арасында геосаяси қайшылықтар күшейіп, әлемнің түкпір-түкпірінде шиеленістер үдей түсті. «Қырғи-қабақ және өзара сенімсіздік жағдайы халықаралық қатынасқа қайта оралып жатыр. Заманауи сын-қатерлерге нені қарсы қоюға болады? Тарихтың бұған бір ғана жауабы бар. Ол – ізгі ниет, диалог және ортақ күш-жігер. Табысқа жетудің басқа кепілі жоқ. Қазақстан кез келген даулы мәселені БҰҰ Жарғысына сәйкес тек қана келіссөз үстелі арқылы шешуді үнемі айтып келеді. Туындаған қайшылықтарды күшпен, қорқытумен немесе санкциялармен реттеу мүмкін емес екеніне сенімдіміз. Мұндай сәттерде гуманистік идеяларға жүгіну аса маңызды. Олардың басты қайнар көзі дәстүрлі діндер екені даусыз» деді Мемлекет басшысы.

Президент жаңа жүйенің қауіпсіздігі адам өмірінің абсолютті құндылығы, бір-бірінің мүдделерін құрметтеу, өзара көмек, ашықтық, теңдік және әділдік сияқты қағидаттардан құрылады деп санайды. Бұл мәселеде адамгершілік бедел мен рухани көшбасшылардың сөзі өте маңызды. Қасым-Жомарт Тоқаев Съезд қатысушыларына арнаған сөзінде Қазақстан дамудың конструктивті мәселесін өңірлік және жаһандық деңгейде жан-жақты ілгерілетуге елеулі үлес қосатынын айтты. Ал еліміздің ішкі мәселесінде бірлік, ынтымақ және тиімді диалог негізгі басымдық саналады. Бүгінде еліміз ауқымды реформалар бағдарламасын жүзеге асырып, Әділетті Қазақстанды құруға кірісті. «Біздің жаңа экономикалық саясатымыз жалпыұлттық табысты әділ бөлуге және барлық азаматтың әл-ауқатын теңдей арттыруға бағытталған. Біз халықаралық сауда мен инвестициялық серіктестікті тереңдетуді қолдаймыз. Энергетика және өндіруші салаларда экологиялық талаптарды дәйекті түрде күшейтіп, балама қуат



ЖАҒАНДЫҚ ӨРКЕНИЕТАРАЛЫҚ ДИАЛОГ АЛАҢЫ

көздерін пайдалану ісін кеңейтіп келеміз» деді Президент.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев жаһандық үдерістерге дін мен рухани көшбасшылардың рөлін қайта зерделеуге бағытталған бірқатар тезисті талқылауға ұсынды. «Біз мәдениетке, экономика мен қоғамға қатысты теориялық тұрғылармен мен адамдардың практикалық әдістерді түбегейлі жаңғыртуымыз керек. Өркениеттің шынайы болмысы мен мәнін сақтау үшін қоғамның барлық саласына ауқымды реформалар қажет» деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президентінің пікірінше, рухани көшбасшылардың күш-жігерін жұмылдыру және диалогы бүкіл адамзатқа қазіргі текетіретерден шығу жолын көрсетеді. «Осындай ауқымды диалог тәжірибесі рухани көшбасшыларға түрлі бітімгерлік бастамаларды белсенді көтеруге құқық береді. Бұл әлемнің түкпір-түкпірінде болып жатқан «қақтығыс ошақтарындағы» әскери қимылдар мен адамдардың зардап шегуін тоқтату үшін аса маңызды. Діндер басшылары – адамзаттың ар-оқанды сақтаушылар. Сондықтан өзара сенімге, қайырымдылық пен бейбітшілікке бастайтын жолды сіздер ғана нұсқайсыздар. Қазір адамзат бұрын-соңды болмаған жасампаз іс-әрекетке мұқтаж. Халықаралық қауіпсіздіктің жаңа жүйесін қалыптастыру үшін бәрімізге бейбітшілік жолындағы жаңа жаһандық іс-әрекет керек. Бұл мәселеде рухани көшбасшылардың рөлі аса зор деп санаймын» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы гуманизм идеалдары мен берік рухани құндылықтарды ілгерілетуге шақырды. Оның айтуынша, жаңа технологиялар адам өмірінің барлық саласын түбегейлі өзгертіп жатыр. Пандемия бұл үдерісті жылдамдатып, күшейте түсті. Цифрлық коммуникациялар, интернет пен әлеуметтік желілер бүкіл жер шарындағы адамдар арасындағы шекараны бұзып, маңызды рөл атқарады. «Біз цифрлық технологиялардың әсерімен қоғамның бөлшектеніп, көзқарастар қайшылығы күшейе бастағанын байқап отырмыз. Виртуалды әлем көптеген адам үшін шынайы әлемнің орнын алмастыра бастады. Сондықтан жаңа цифрлық заманда рухани құндылықтар мен адамгершілік қасиеттер туралы мәселені қайта күн тәртібіне қою керек. Жас ұрпаққа жүйесіз берілетін ілім

мен білім адамзатты жалпы даму мен жақсылыққа апармайды. Дін барлық кезеңде өзінің негізгі тәрбие беру қызметін атқарды. Құран, Інжіл, Таурат және басқа да қасиетті кітаптар гуманизм, жанашырлық және мейірімділік идеяларына толы. Олар агрессияны жақтамайды, радикализмді қабылдамайды, зорлық-зомбылықты айыптайды, толеранттылық пен ұстамдылыққа шақырады. Қазіргі заманда діндер көшбасшыларының жоғары миссиясы – адамдарға осы маңызды ақиқатты жеткізу» деді Қазақстан Президенті.

АПАТТАР АДАМНЫҢ ӨЗІМШІЛІГІНЕН БОЛЫП ОТЫР

Съезде сөз тізгінін алған Әл-Азһар ислам университетінің Жоғарғы имамы Ахмад ат-Тайеб адамзатты жаһандағы апаттардың себебі туралы ойлануға үндеді. «Әлемде індеттің қорқыныштарын қалпына келтіруге уақыт болмады. Өйткені басқа пандемиялар мен апаттар қаптап кетті. Бұл табиғи, саяси және «экономикалық» апаттарды адам өзімшілігінің кесірінен өз қолымен жасап алды. Ол апаттар адамдарды теңселтіп тастады. Қасиетті Құранда бұл екі құбылыс пен олардың салдары туралы осыдан шамамен 15 ғасыр бұрын айтылған. Қасиетті кітапта адамның жер бетіндегі істердің бәріне килігуі туралы айтылған» деді ол.

Дін көшбасшысы бұл сөзіне мысал да келтірді. «Біздің ойымызша, адамзат жаһандық жылыну, орман өрттері, қалаларды су басу және сел жүру қаупі, кейбір өзендердің тарғылуы, көптеген тірі тіршілік иелерінің қырылуы сияқты та-



биғат пен климаттың күтпеген өзгерістерінен қорқыныш пен үрей сезініп жатқанын көзіміз көріп отыр. Бұл апаттарды адам өзінің пиғылынан, салғырттығы және басқаларға немқұрайлы қарауынан туындатқанын ұмытпауымыз керек» деді имам.

ҚАРУ-ЖАРАҚҚА ЕМЕС, БІЛІМГЕ АҚША САЛАЙЫҚ!

Алқалы жиында сөз алған Рим Папасы Франциск ұлы Абайдың сөздерінен мысал келтіре отырып, өзінің негізгі ой-тұжырымдарын әлемнің халқына жолдады. «Кеше домбыраны қолыма алдым. Бүгін осынау музыкалық аспапты осы жердің ең атақты ақыны – қазіргі әдебиеттің атасы, сазгер Абайдың үнімен үндестіргім келеді. Ол өзінен кейін дінмен сусындаған мол шығарма қалдырды. Ол шығармаларында осы халықтың ең жақсы қасиеттерін – үйлесімді даналықты сипаттайды. Ол даналық бейбітшілікті қалап, соған ұмтылады. Арлы адамның да-

налығын Абай көрсетіп кеткен тұлға. Біз әртүрлі тәжірибені сіңіруге, қабылдауға дайынбыз. Абай біздің алдымызда: «өмірдің мәні неде?» деген сұрақ қояды. Тереңдікке ұмтылу ма деп сұрайды» деді Понтифик.

Рим Папасы өз сөзінде адамдар өмірге дүниедегі қажеттілігін қанағаттандыру үшін ғана емес, рухани байлықты табу үшін де келгенін еске салды. «Біз ең маңызды сұраққа жауап табуымыз керек. Біз руханиятты насихаттауға тиіспіз. Абай айтқандай, «жылы жүрек, нұрлы ақылды» сақтауымыз керек» деді ол. Католиктердің көсемі бірнеше мәселені көтеріп, соның ішінде пандемия мен қазіргі соғыстарды сынады. «Абай кезінде өз шығармасында аш қалғандар анық есін сақтай ала ма, оқуға деген жігерін сақтай ала ма дегенді айтты. Теңсіздік пен әділетсіздік салтанат құрып тұрғанда терроризмді тоқтату мүмкін емес. Кейінгі он жылдықтарда діни басшылардың негізгі кездері әңгімесі де – осы.



Бүгінгі күні де соғыс, үмітсіз шайқастар болып жатыр. Бір ел екінші елге қол ұшын соза алмай отыр. Абай зұлымдыққа жол берген адам Құдайдың сүйген құлы емес екенін атап өтеді. Бәріміз де зұлымдықтан ада болуымыз керек. Абай оқуды тастаған адам Құдайдың назарынан тыс қалғанын да меңзейді. Қару-жараққа емес, қаражатты білімге салайық» деді Рим папасы.

Франциск кедейліктің кесірінен әртүрлі індеттер тарап, дүние жүзінің халқы қасірет шегіп жатқанына тоқталды. «Барлығына, әсіресе, қамқорлықсыз қалғандар мен мүмкіндігі жоқ адамдарға жақын болайық. Қоғамның ең әлсіз және кедей топтарына, үнсіз азап шегіп жатқан жандарға назар аударайық. Кедейліктің кесірінен түрлі індеттер мен басқа да қасіреттер тарап жатыр. Қазіргі кезде ең үлкен сын-қатер факторы ретінде әлі де кедейлік болып тұр. Кедейлік пен жанжалдық салдары зорлық-зомбылық пен сараңдыққа әкеледі. Теңсіздік пен әділетсіздікке тосқауыл қоймасақ, COVID-тен де жаман вирустарды, яғни өшпенділікті, зорлық-зомбылықты, терроризмді тоқтату мүмкін емес. Бұл өз кезегінде бізді планетарлық ауқымдағы екінші проблемаға әкеледі, осы мәселе ерекше түрде діндарларға қатысты болып тұр» деді Рим Папасы. Осы орайда Понтифик дін көшбасшылары әлемде шешілмей жатқан қақтығыстарды доғару үшін сабырға шақырып, өз үлесін қосу керек екенін айтты.

Ол сондай-ақ, ұзақ уақыт бойы дінге күдік тудырған қауесеттерді ысырып қоятын уақыт жеткенін айтты. «Әлем бізден рухани тазалықты, сананың тазалығын күтеді. Бұл тұрғыда шынайы діндарлыққа үміт артып отыр. Фундаментализмнен, кез келген сенімді бұрмалайтын және бұзатындардан алшақтайтын, оянтатын кез келді. Жүрегімізді таза етіп, жанашырлық танытуымыз маңызды» деді Рим Папасы. Оның пайымынша, әлемде тым ұзақ уақыт бойы дінге деген күдік пен менсінбеушілік тудырған бос сөзді ысырып қоятын уақыт жетті. Бұл негізсіз пікірлер дін қазіргі қоғамның тұрақсыздануына ықпал етеді деген қауесетті таратып келді.

Понтифик әлемдегі климат проблемаларын көтеріп, өзінің парасатты ой-пікірлерін ортаға салды. «Біздің алдымызда тұрған тағы бір проблема - біздің ортақ үйімізді қорғауға қатысты болып тұр. Климаттың елеулі түрде өзгергенін ескерсек, біз әсем табиғатты келер ұрпаққа сақтауымыз керек. Абай өлеңінде: «Безендіріп жер жүзін Тәңірім шебер, мейірбандық дүниеге нұрын төгер» деп жазған. Жаратушы табиғатты жайнатып жасартқан. Сондықтан жер бетін ластауға, орасан зор залал келтіруге қалайша жол береміз? Баршаңызды осы мәселені бірлесіп шешуге шақырамын» деді ол. Климаттың өзгеруі тұрғысындағы проблема

пандемияға тікелей қатысты болып тұрғанын ашық айтты. «Орманды жерлерді аяусыз жою, жануарларды заңсыз сату сияқты мысалдар жетерлік және осы жайында ойлануымыз керек. Осы өмірде қанаушылық мінез-құлық біздің ортақ үйімізге орасан зор нұқсан келтіріп жатыр» дей келе адамзат баласын ізгілікке үндеді.

ІНДЕТ ҚҰДАЙҒА СЕНІМІМІЗДІ КҮШЕЙТТІ

Құрылтай мінберінен сөз алған Израильдің Бас Сефард раввині Ицхак Иосиф дін көшбасшылары іс жүзінде үлгі болып, адамдарды жақсылыққа үйретуі керек деген пікірін айтты. «Коронавирус арқылы Құдайға деген сенім күшейе түсті. Өйткені адамдар өздеріне ештеңе тәуелді еместігін, кішкентай вирусты бірде-бір сарапшы түсіне алмайтынын көрді. Мұның бәрі – Құдайдың етуін тілейміз. Жаратушының дұғаларымызды қабыл етуі үшін не істей аламыз? Айналамызға көмек көрсетіп, жаман әдеттерден бас тарту керек» деді ол.

Раввиннің пайымдауынша, жауап ретінде мұның бәрінің қайтарымы болады. «Дін көшбасшылары шыдамдылық, жұмсақтық, жаман әдеттерден бас тарту, шыдамдылық, бір-біріне құрмет көрсетуде іс жүзінде үлгі болып, адамдарды жақсылыққа үйретуі керек» деп сөзін түйіндеді И. Иосиф.

Съездің екінші күні Бейбітшілік және келісім саябағында ағаш отырғызу рәсімімен жалғасады. 60-тан астам жапырақты және қылқан жапырақты ағаштар отырғызылады, бұл – съездің делегация басшыларының саны. Келер жылы салынуы жоспарланған Бейбітшілік пен келісім концептуалды саябағы Қазақстандағы түрлі конфессиялар мен ұлттар арасындағы ынтымақтастықты, достық пен бірлікті бейнелейді. Табиғи және демалыс саябағы Есіл өзенінің бойында орналасады. Салтанатты шара аяқталғаннан кейін сағат 10.00-ден 15.00-ге дейін VII Съездің 4 секциялық отырысы өтеді. Секциялық отырыстар соңында сағат 15.00-де Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VII Съезінің жабылу рәсімі өтеді.

Жабылу салтанатының ең маңызды сәті VII Съезд жұмысының қорытындылары туралы негізгі құжат – Қорытынды Декларацияны қабылдау болмақ. Декларацияның мазмұнында қазіргі заманның өзекті мәселелерінің пайымдауы, оларды шешудің ықтимал жолдары, сондай-ақ әлемдік діндер көшбасшылары ой-тұжырымдары, халықаралық қоғамдастыққа үндеуі көрініс табады. Декларация БҰҰ Бас Ассамблеясының 77-сессиясының ресми құжаты ретінде таратылады.

ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ: ҰНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

(Соңы. Басы 1-бетте)


Одан кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Қытай Халық Республикасының төрағасы Си Цзиньпинмен кездесу өткізді. «Ақорда» резиденциясында ҚХР төрағасын ресми қарсы алу шарасы өтті. Құрмет Қарауылының бастығы екі ел басшыларына рапорт беріп, Қазақстан мен Қытайдың мемлекеттік әнұрандары орындалғаннан кейін мемлекеттер басшылары екіжақты келіссөз өткізетін залға барды.

Бұдан кейін Қазақстан мен Қытай басшылары кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді. Президент Қытай Төрағасына шақыруын қабыл алып, елімізге мемлекеттік сапармен келгеніне ризашылығын білдірді.

«Бұл – пандемиядан кейін сіздің шетелге алғашқы сапарыңыз. Сондықтан осы сапарыңыз тарихи мағынаға ие. Мен мұны жоғары деңгейдегі өзара сенім мен ынтымақтастықтың көрінісі деп бағалаймын. Быылғы 5 ақпанда XXIV Қысқы Олимпиада ойындарының ашылу салтанатына қатысқанымды білесіз. Сол кезде Бейжіңде өткен кездесуімізді ықыласпен еске аламын» деді Мемлекет басшысы.

Кездесуде Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Қытай арасында дипломатиялық қатынас орнағанына 30 жыл толғанын атап өтті. «Сіздің сапарыңыз осы мерейлі белеске тұспа-тұс келіп отыр. Қысқа мерзім ішінде біз тұрақты мемлекетаралық қатынас орнаттық. Сіз Қазақстан экономикасын дамытуға және біздің халықаралық бастамаларымызға ұдайы қолдау көрсетіп келесіз. Сол үшін өзіңізге зор алғыс айтамын» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, 2019 жылғы қыр-



күйкегі Бейжіңге мемлекеттік сапары кезінде қол жеткізілген жан-жақты мәңгілік стратегиялық серіктестік жөніндегі уағдаластық сәтті жүзеге асырылып жатыр. Бүгінгі бірлескен мәлімдеме қарым-қатынастардың жаңа «алтын 30 жылдығының» басталғанын білдіреді. Сондықтан Қытай Төрағасының бұл сапары аса маңызды.

ҚХР төрағасы араға жыл салып Қазақстанға қайта келгеніне қуанышты екенін айтып, қазақ халқының қонақжайлығы мен мемлекеттік сапармен келуге шақырғаны үшін Президентке ризашылығын білдірді. Си Цзиньпин қазақ-қытай қарым-қатынастарының дамуын жоғары бағалап, бүгінгі сапарының екіжақты байланыстарды одан әрі ілгерілетуге тың серпін беретінін атап өтті. Оның айтуынша, Қытай өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі мәселелерге қатысты Қазақстанның ұстанымдарын қолдайды.

«Қазақстан халқы сіздің бас-

шылығыңызбен мемлекеттік құрылыс пен ұлттық жаңғыру ісінде жаңа табыстарға жететіні күмәнсіз. Қытай үкіметі Қазақстанмен арадағы қарым-қатынастарға зор көңіл бөлетініне тағы да қайталап айтқым келеді. Халықаралық жағдай қалай өзгерсе де, біз алдағы уақытта Қазақстанның тәуелсіздігін, егемендігін және территориялық тұтастығын сақтауына қолдау көрсетеміз. Тұрақтылық пен дамуды қамтамасыз ету жөніндегі Сіз жүргізіп жатқан реформаларды толық қолдай отырып, сіздің еліңіздің ішкі істеріне қандай да бір күштердің араласуына үзілді-кесілді қарсы боламыз. Қазақстанның сенімді досы және сенімді серіктесі болды және болып қала береді. Дипломатиялық қарым-қатынастар орнағалы бері Қазақстан мен Қытай арасындағы беріктік сынынан лайықты өткен қарым-қатынастар үнемі жаңа мазмұнмен толығып, дамумен, жемісін беріп келеді. Біздің елдеріміз бірқатар салалардағы ынтымақтастықтың

авангардына айналды. Шекара мәселелерін алғашқылардың бірі болып шештік. «Бір белдеу – бір жол» бағдарламасы аясындағы ынтымақтастық үлгісін көрсетіп, индустрияландыру саласындағы халықаралық ынтымақтастықты алғашқылардың бірі болып дамыттық. Біз екіжақты қарым-қатынастарды серпінді дамытуға қол жеткізіп, Қытай дипломатиясында теңдесі жоқ мәңгілік жан-жақты стратегиялық әріптестік деңгейіне шығардық. Бүгінде Қазақстан-Қытай қарым-қатынасы жаңа тарихи бастау алды» деді Си Цзиньпин.

Тараптар көлік-логистика, азық-түлік өнеркәсібі, ауыл шаруашылық салаларының мәселелері және трансшекаралық өзендер жайын талқылады. Келіссөздерден кейін екі мемлекеттің басшылары Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнатылғанына 30 жыл толуына орай бірлескен мәлімдеге қол қойды.

ПРЕЗИДЕНТТЕР КӨРМЕНИ ТАМАШАЛАДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Қытай Халық Республикасының төрағасы Си Цзиньпин ресми келіссөздер аяқталғаннан кейін екі елдің көне заманнан бүгінге дейінгі тарихи, мәдени байланыстарына арналған Қазақстан – Қытай: мыңжылдық диалог» атты көрмені тамашалады.

Көрмеге Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі, Орталық мемлекеттік музей, Тұңғыш Президент музейі және Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейі қорларынан 40-қа жуық археологиялық жәдігер, сондай-ақ сәндік қолданбалы және бейнелеу өнерінің заттары қойылған.

Қазақстан мен Қытай басшыларына қазақ-қытай халықтарының материалдық және рухани мәдениетінің даму сабақтастығын көрсететін бес бөлімнен тұратын көрменің құрылымы таныстырылды.

«АЛТЫН ҚЫРАН» ОРДЕНІМЕН НАГРАДТАДЫ

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы екіжақты саяси, экономикалық және мәдени қатынастарды нығайтуға және дамытуға қосқан айрықша үлесі үшін ҚХР төрағасы Си Цзиньпинді «Алтын Қыран» орденімен наградтады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезектен тыс сессиясына қатысты. Армения Республикасының ұсынысымен өткен отырыс бейнебайланыс режимінде өтті.

ҚАҚТЫҒЫС ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ЖОЛМЕН ШЕШІЛЕДІ

Сонымен қатар саммитке Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Ресей Президенті Владимир Путин, Тәжікстан Премьер-министрі Кохир Расулзода, Армения Премьер-министрі Никол Пашинян, Беларусь президенті Александр Лукашенко, хатшысы Александр Вольфович,

ҰҚШҰ Бас хатшысының орынбасары Валерий Семериков қатысты. Мемлекеттер басшылары әзербайжан-армян мемлекеттік шекарасында болған оқиғаларға қатысты Армения Премьер-министрінің мәліметін тыңдады. Қазақстан Президенті сессияға қатысушылар алдында сөйлеген

сөзінде қақтығысты тек саяси-дипломатиялық жолдармен шешу қажет екенін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев жағдайды тұрақтандыру үшін мүмкін болған барлық шараны қабылдауға, күштік құрылымдарды пайдаланудан бас тартуға, шұғыл түрде келіссөз жүргізуге шақырды.

БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫС ӨТЕДІ

Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысын шақыру туралы өкімге қол қойды.

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 58-бабы 4-тармағының

2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысы 2022 жылғы 16 қыркүйекте сағат 10.00-де Нұр-Сұлтан қаласында шақырылсын» делінген құжатта.

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ

Конституциялық Кеңес Республика Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңы жобасының Конституцияның 91-бабының 2-тармағына сәйкестігін тексеру туралы өтініші бойынша шешім қабылдады.

Конституциялық Кеңес Республика Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңы жобасының Конституцияның 91-бабының 2-тармағына сәйкестігін тексеру туралы өтінішін қарады.

Заң жобасы Конституцияда Республика Президентінің бір мәрте жеті жылдық өкілеттік мерзімін белгілеуді, сондай-ақ ел астанасының атауын өзгертуге байланысты Негізгі Заңның 2-бабына түзетулер енгізуді көздейді.

Конституциялық Кеңестің пікірінше, президенттік және парламенттік сайлау институты – мемлекеттіліктің конституциялық моделінің барлық компоненттерін қозғайтын ерекше конституциялық құндылық. Сол себепті ол мемлекеттің маңызды органдарын жаңартудың тиімді құралы болып табылады. Осы арқылы Республиканың әлеуметтік негізі, халықтың мемлекеттік билік бастамаларын қолдауы нығайтылады.

Конституциялық Кеңес сайлау науқандары кезеңінде азаматтық қоғамның әртүрлі сегменттері жанданатынына назар аударды. Осы жағдайларда

Қазақстан Республикасының Конституциясында баянды етілген барлық құндылықтар серпінді әрі үйлесімді іс-әрекет етуге тиіс.

Конституциялық Кеңестің пайымдауынша, президенттік мандаттың бір мәрте жеті жылдық мерзімін белгілеу ағымдағы жылғы 5 маусымдағы республикалық референдумда қабылданған мемлекеттік билікті монополизациялауға жол бермеуге бағытталған конституциялық новеллалардың мәніне сай келеді.

Президенттік мандатты бір мерзіммен шектейтін Конституцияның 42-бабы 5-тармағының ұсынылып отырған редакциясы аталған жоғары лауазымды тұлға лауазымына сайланатын барлық адамдарға тең негізде қолданылатын болады. Онымен Конституциялық Сот судьяларының бір мәрте сегіз жылдық өкілеттік мерзімін анықтау үйлеседі.

Осы орайда, Конституциялық Кеңес «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Заң жобасы Конституцияда белгіленген талаптарға сәйкес деп санайды.

Конституциялық Кеңес қорытындысының толық мәтіні бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

ҰСЫНЫСТАР МЕН ӨТІНІШТЕР ЕСКЕРІЛДІ

Парламенттегі депутат тобы елорданың бұрынғы Астана атауын қайтару туралы ұсыныс білдіргені мәлім.

Депутаттардың бұл бастамасы туралы Президент хабардар. Халық қалаулылары, өз кезегінде тұрғындармен кездесулерде айтылған ұсыныстарға, сондай-ақ референдум кезінде азаматтардың көптеген өтініштеріне сүйенді.

Мәжіліс депутаттарының ұсынысы Мемлекет басшысының келісімімен

Конституциялық заң жобасына енгізілді.

Президент Қазақстанның қазіргі мемлекеттілігін нығайтуда және елорданың іргесін қалауда Н.Ә.Назарбаевтың шешуші рөл атқарғаны тарихи факт деп санайды. Сондықтан Тұңғыш Президент атындағы басқа нысандар өз атауларын сақтап қалуы тиіс.

Руслан ЖЕЛДІБАЙ,
ҚР Президентінің баспасөз хатшысы



ГАЗ ҚАЗАНДЫҚТАРЫ КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢМЕН ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов газ қазандықтарын 2023 жылдан бастап кезең-кезеңмен іске қосу жоспарланып отырғанын мәлім етті.

«Елордада үш газ қазандығының құрылысы қатар жүріп жатыр. Газ қазандықтарының қуаты ЖЭО-3-тен 3 еседен де асып түседі. Тиісінше қазіргі тапшылықтың орнын толтыруға да, құрылыс жұмыстары жүретін жаңа аудандарды жылумен қамтуға да мүмкіндік береді.

Газ қазандықтарын 2023 жылдан бастап кезең-кезеңмен іске қосу жоспарланып отыр. Газ қазандықтары жаңа теміржол вокзалының аумағында, Қорғалжын тас жолының бойында және «Тельман» елді мекенінде орналасқан. Осылайша, «Оңтүстік-Шығыс» қазандығы «Мыңжылдық» ауданын, жаңа теміржол вокзалы аумағын, құрылыс жұмысы қарқынды жүріп жатқан аудандарды және т.б. жылумен қамтамасыз етеді. Ал «Тельман» қазандығы «Бағыстан» ТК, Ұлы Дала даңғылы, «Тельман» елді мекені аумағын қамтиды. Өз кезегінде үшінші – «Тұран» газ қазандығы Қорғалжын тас жолы, Тұран даңғылы бойындағы және т.б. құрылысы қарқынды жүріп

жатқан аудандарды жылумен қамтамасыз етеді.

Бұдан бөлек, қаланы аралау барысында сорғы-сузу станциясының (ССС-3) құрылысымен таныстым. Бүгінде қала тәулігіне 300 мың текше метр су тұтынады, ал жаңа СССР-3 қуаттылығы тәулігіне қосымша 100 мың текше метрден астам су береді.

Қаламыздың дамып келе жатқанын ескерсек, қазірдің өзінде суға деген қосымша қажеттілік бар. Осы себепті СССР-3 биыл жыл соңына қарай ішінара пайдалануға беріледі. Осылайша сумен қамтамасыз ету мәселесі шешіледі. Ал 2023 жылдан бастап СССР-3 жұмысының қуатын арттырамыз» деді елорда әкімі.

ЖЕКЕМЕНШІК МЕКТЕПТЕР ҚҰРЫЛЫСЫ – БАСТЫ НАЗАРДА



Нұр-Сұлтан қалалық мәслихатының хатшысы Ерлан Каналимов бастаған депутаттар тобы елордада салынып жатқан жекеменшік мектептерді аралады.

Жыл өткен сайын елордада жекеменшік мектептердің қатары ұлғайып келеді. Жеке білім беру ордалары қаламыздағы мектеп тапшылығын шешуге оң ықпал етері сөзсіз. Халықтың тығыздығына орай басқа өңірлер сияқты Нұр-Сұлтан қаласы да бұл жөнінен көш басында, мектеп құрылысы қарқынды жүргізілуде.

«Салынып жатқан жекеменшік мектептерде оқитын балалардың бір бөлігі әлеуметтік осал санатындағы отбасылардан болуы керек, бұл жалпы санның шамамен 10%» деп пысықтады мәслихат хатшысы мектепті аралау кезінде.

Төрт оқу орнының әрқайсысы орта есеппен 600-700 оқушыға, ал «Нұрлы жол» вокзалы ауданындағы Халықаралық білім беру мектебі 1040 оқушыға есептелген. Мектеп құрылысы кезінде келешекте көлік кептелісін болдырмау үшін кіреберіс жолдарға, көлік тұрақтарына үлкен көңіл бөлу керектігін айтып, «Кейбір мектептер мектеп автобусының тәжірибесін пайдалануы керек» деп тағы атап өтті Е.Каналимов.

НЕЙРОХИРУРГКЕ ТЕГІН КОНСУЛЬТАЦИЯ

Елордадағы ҚР ПІБ Медициналық орталығы ауруханасында «Нейрохирургтің тегін консультациясы» акциясы қайта басталды. Аурухананың жетекші нейрохирургтары әр сенбі 11.00-ден 13.00-ге дейін халыққа тегін консультация береді.

Акция емделген жағдайлардың санын арттыруға және аурухананың нейрохирургиялық бағытындағы қызметтерін кеңірек танытуға бағытталған.

– Жұмыстағы адамдар үшін сенбі – өте ыңғайлы уақыт. Біз кезекшілік кестесін құрдық. Осы кесте бойынша әр апта 2 сағаттан тегін консультация беріп, 5-6 пациентті қабылдауды жоспарлап отырмыз. Консультация алу үшін МРТ, КТ, УДДГ, ЭНМГ зерттелері мен үзінді көшірмелерімен келу қажет, – дейді ҚР ПІБ Медициналық орталығы ауруханасының нейрохирург дәрігері Азат Шпеков.

Аталған акция орталық және перифериялық жүйке жүйесінің әртүрлі ауруларына, атап айтқанда, ми қан-тамырларының аурулары, остеохондроз, диск жарығы мен протрузиясы, ми ісігі, гидроцефалия, Мойямойя ауруы, Киари мальформациясы, фармакорезистенттік



эпилепсия, ұштармақты нерв невралгиясы, гемифациалдық спазм, құлақтағы шу, Паркинсон ауруы, бас ауруына шалдыққан адамдарға көмек көрсету мақсатында өткізіледі. Мекенжайы: Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік ел даңғылы 80, F блогы. Барлық сұрақтар бойынша +77058287496, +77023558555 нөмірлеріне хабарласыңыз.

БИЗНЕС ӨКІЛДЕРІ БАСЫМДЫҚТАРДЫ БАЙЫПТАДЫ

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінде шағын және орта бизнес саласының өкілдері Жолдауда көтерілген басымдықтарды байыптап, алда атқарылатын ауқымды істер туралы ойларын ортаға салды.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Мемлекеттік басқару институтының директоры Зұлпұхар Ғаипов стратегиялық құжатта қамтылған бастамалар туралы ойымен бөлісті.

– Мемлекет басшысының шешімталдық талабы, прагматизмдік ұстанымы, стратегтік көрегендігін Жолдаудан анық байқауға болады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев наурыз айындағы Жолдауында саяси реформаларды бастайтынын айтып, Конституциялық өзгерістер енгізуді ұсынған-ды. Қазір Ата Заңдағы өзгерістер мен толықтырулар Парламентте тұр. Заң қолданысқа енгеннен кейін, саяси өзгерістер фундаменталды негіз алып, қоғамдық өмір үлкен өзгерістерге бет бұрады.

Салық және бюджет кодексін заман талабына сай жетілдіру мен ұлттық қордағы қаржыны тиімді пайдаланудың қажеттілігі айтылды. Қарапайым еңбек адамын наси-

хаттау арқылы еңбек ету мәдениетін дамыту қазақ қоғамында қажеттілікке айналды. Мемлекет басшысының назарынан бұл мәселе де тыс қалмады.

Стратегиялық құжаттың салмағы бала капиталын дамыту, әйелдің зейнет жасын шектеу, тәрбие, білім, медицина сынды аса маңызды саланы дамыту, сала қызметкерлерімен қатар ең төменгі жалақының мөлшерін өсіруден көрінді, – деді спикер.

Дөңгелек үстел форматында өткен жиын сұрақ-жауапқа ұласып, кәсіпкерлер өзінің талап-тілегін ұсынды. Олардың арасында елге инвестиция құйып, жұмыс істейтін шетелдік компаниялар отандық бизнестің дамуына оң көзқараспен қарап, қазақстандықтарды жұмысқа тартуды заңдық тұрғыда бекітуді ұсынды.

Іскер азаматтар мажоритарлық сайлау арқылы Парламент Мәжілісіне және жергілікті мәслихаттардың депутаттық додасына түсудің мән-жайын талқылады.

ҮНДЕУ «Қарттарымызды құрметтейік!» атты айлық акцияға қатысуға шақырамыз

Құрметті қазақстандықтар!

1 қазан - Халықаралық қарттар күні жақындап келеді. Бұл күн – біздің аға буынға ризашылығымызды білдіріп, шынайы көңіл бөлуімізге мүмкіндік беріп қана қоймай, олардың қажеттіліктеріне назар аударуға жақсы себеп. Қарияларды қолдау, оларға қамқорлық көрсету – аға буынға көрсеткен парызымыздың аз ғана бөлігі. «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің бастамасымен жылдар бойы елімізде қазан айы «Қарттарымызға қамқорлық жасайық!» айлығы акциясына ұласып келеді. Қазақ халқының дәстүрінде үлкенді сыйлап, ақылын тыңдап, алдынан кесе-көлденең өтпеген. Елімізде қарт адамдарға деген қамқорлық жыл сайын артуда.

Мемлекетіміз қарт адамдарға деген қамқорлықты экономикалық дағдарыс кезінде де тоқтатқан емес.

Дегенмен, елімізде әлі де болса әлеуметтік көмекке мұқтаж егде адамдар бар.

Әлемді жайлаған экономикалық қиындықтар біздің елімізді де айналып өткен жоқ. Бүкіл әлем күрделі әрі маңызды кезеңді бастан өткізуде. Кейбір қариялар жасы ұлғайған шағында жылулық пен мейрімге зәру. Барлық қазақстандықтарды, жұмыс берушілерді, бизнес құрылым өкілдерін, аға буынның ел игілігіне қосқан еселі еңбегін ұлықтауға, «Қарттарымызды құрметтейік!» атты айлық акциясына атсалысуға шақырамыз.

Өз елінің патриоты ретінде акцияға бейжай қарамайтын азаматтар жергілікті әкімдіктермен, өңірлік ардагерлер кеңестерімен байланысқа шығып, үлестеріңізді қосуға болады.

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі

БАҒА НАРҚЫ ҚАНДАЙ?

14.09.2022		ELORDA.INFO			
ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР ТАУАРЛАР ТІЗБЕСІ		«Астаналық» базары	«Әлем» базары	«Шапағат» базары	Көк базар (Шанхай)
	Бірінші сортты бидай ұны	460	420	660	600
	Бірінші сортты ұннан пісірілген нән	150	90	140	150
	Макарон өнімдері	480	440	400	410
	Қарақұмық жармасы	700	520	630	650
	Тазартылған күріш	500	465	475	480
	Картоп	180	180	150	160
	Сөбіз	200	115	130	180
	Пияз	200	95	120	230
	Қырыңқабат	190	70	180	165
	Қант	650	1000	600	650
	Күнбағыс майы	1200	1150	1000	1100
	Сыыр еті	2750	3000	2500	2800
	Тауық еті	1700	1700	1680	1650
	Пастерленген сүт	450	420	380	400
	Айран	440	400	460	430
	Сары май	4500	4000	4000	4000
	Тауық жұмыртқасы (10 дана)	500	480	480	450
	Ас тұзы	100	70	80	90
	Сүзбе	1000	950	900	950

ҰЛЫ ДАЛА САЗЫ мен БАЙ МҰРАСЫ



Осы аптаның басынан елордада Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII құрылтайы аясында «Ұлы Дала сазы» этнофестивалі өтіп жатыр. Бұл – заманауи этникалық музыка жанрындағы ауқымды жоба. 16 қыркүйекке дейін жалғасатын этнофестиваль шеңберінде «Бәйтерек» монументінің алаңында этноауыл орын тепті.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Фестиваль мақсаты – қала тұрғындарын, туристерді, құрылтайға қатысушыларды Ұлы даланың мұрагері – қазақ халқының бай мәдениетімен таныстыру. Онда дәстүрлі орындаушылық өнердің өкілдері, этно-фольклорлық ұжымдар және басқа да танымал қазіргі заманғы этникалық музыкалық өнер иелері өнер көрсетіп жатыр. Концерттік бөлімді күн сайын сағат 18:00-ден бастап, 20:00-ге дейін тамашалауға болады.

Ал күнделікті сағат 10:00-ден 19:00-ге дейін жұмыс істеп жатқан этноауылда сегіз қанатты киіз үйлер тігіліп, алтыбақандар орнатылып, қолөнер шеберлерінің жұмыстарын көрсететін «Шеберлер ауылы», шағын сәулет нысандары және т.б. алаңдар ұйымдастырылды. Этноауыл бірнеше секторға бөлінді.

«Дәстүрлі көлөнер түрлері» секторында Қазақстан қолөнер шеберлерінің көрме-жәрмеңкесі өтіп жатыр. Бұл секторда ұлттық бөлімді күн сайын сағат 18:00-ден бастап, 20:00-ге дейін тамашалауға болады.

Ақмола облысының Шортанды ауданынан келген Бектас Кәрімұлы сүйектен жасалған бұйымдарды және майлы бояумен салынған картиналарды әкелді. – Сүйек жұмыстары дегенде, бәрі де қара мал мен ұсақ малдың жауырын сүйегінен жасалған. Қазақ тұрмысында жауырын қастерлі болып саналатынын білесіздер. Оны ата-бабаларымыз әртүрлі ырымдарға пайдаланған. Кезінде жауырынға қарап, бал ашатын көріпкелдер болған. Мен осы жауырыннан көркем туындыларды жасаймын. Бұл жұмыстар әртүрлі мағынада бедерленген. Республикалық және халықаралық, жалпы осы уақытқа дейін бес көрмеге қа-



тыстым. Негізгі мамандығым – суретші. Картиналарымда қазақ халқының саятшылық өнерін, ұлт тұрмысын бейнелеймін, – дейді Бектас Кәрімұлы.

Ақмола облысы Қосшы қаласының тұрғыны Асхат Бозымбай қолөнермен айналысқанына 27 жылдан асты.

– Көбіне тері бұйымдарын жасаймын. Соның ішінде ат

әбзелдерін, қазақтың ежелгі қару-жарақтарын жасап, қамшы өремін. Ата-бабамыздан мұра болып қалған өнерді әрі қарай жалғастырып жатырмын. Ұлттық бағыттағы көрмелерге шақыртуды көп аламын. Осында да шақырғаннан кейін халыққа өнерімізді паш етіп, шеберлік сабақтарын өткізіп жатырмыз. Қамшының қадір-қасиеті бар.

Ол қалай өріледі, оны қалай ілу керек – соның әрқайсының өз әдебі бар, – дейді қолөнер шебері.

Қарағанды облысының Шахтинск қаласынан келген Ермек Кәрімұлы – ағаштан түйін түйген шебер. Ол он жылға жуық уақыт домбыра, қобыз сияқты ұлттымыздың төл аспаптарын, қонақтарға ет тартатын астау сияқты бұйымдарды жасайды. Этноауыл басынан осы қолөнер шебері де табылды.

«Археология, тарих, этнография» секторында Алматыдағы Ықылас Дүкенұлы атындағы халық музыкалық аспаптар музейінен жеткізілген жәдігерлер, танымал зергер Берік Әлібайдың музей-үйіндегі қолөнер үлгілері қойылды.

– Біз музейде сақтаулы қазақ халқының көне, бүгінгі таңда қолданыстан шығып қалған халық аспаптарын және әйгілі тұлғалардың домбыраларының көшірмелерін әкелдік. Соның ішінде Махамбет Өтемісұлының, күй атасы – Құрманғазының, Ақан серінің, Дина Нұрпейісованың, ұлы

Абай мен Жамбылдың, Шәкәрім Құдайбердіұлының, тағы басқа да әйгілі күйші-композиторлардың, ақын-жыраулардың домбыралары бар. Бұл домбыралар құнды, бағалы болғандықтан әрі-бері тасымалдау қиында түседі, оларды музейден шығармауға тырысамыз. Бірақ халықты тұлғаларымыздың домбыраларының үлгісімен таныстыру мақсатында көшірмелерін жеткіздік, – дейді Ықылас Дүкенұлы атындағы халық музыкалық аспаптар музейі ғылым бөлімінің жетекшісі Жансая Қожахан.

Гид болып жүрген Ұлттық музейдің бұрынғы қызметкері Анар Байтемированың айтуынша, Берік Әлібайдың коллекциясынан алынған жәдігерлер арасында XVI-XVII ғасырларда ата-бабаларымыз тұрмыста пайдаланған заттар – сандықтар, әбдірелер, ертоқымдар, кісе белдіктер, бес қару, зергерлік бұйымдар бар.

Елордада саятшылық өнерді кәсіп еткен Күнтуған Тоқтыбайұлы деген ақсақал тұрды. Бірнеше жыл бұрын өмірден өтіп кеткен саятшының өнерін қазір ұрпағы жалғастырып жатыр. «Аңшы үйі» секторында оның ұлы Серікбек Күнтуғанұлы қыран құстары мен тазыларымен жайғасты. Ол екі бүркіт пен қос тазыны әкелді. «Ақбалақ» атты бүркіті әкесінен қалған екен. Жасы қазір 28-де. Ал екінші бүркіттің аты – «Ақшық». Бұл – бірге енді толатын жас бүркіт. Ал тазылардың бірінің аты – «Сарғалдақ».

Этноауылда киіз үйлерге кіріп, көшпенді халықтың мәдениеті мен тұрмысымен танысуға болады. Қонақтар шеберлік сабақтарына қатысып, ұлттық ойын түрлері – алтыбақан, асық және т.б. ойындар ойнай алады.

ӘН-БИДЕН ШАШУ ШАШТЫ

Кеше елорада Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VII Съезінің ашылуына орай Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Наз» мемлекеттік би театры «Қазақ жәдігерлері» атты концерттік кеш өткізді.

Қазақ өнерінің бүгінгі биік белесін би тілімен түсіндірген концерттік кештің шымылдығы «Көңілашар» биімен ашылып, әрі қарай «тау ұлы», «аққу», «серпін» сынды қойылымдармен жалғасын тапты. Әлемнің әр елінен келген

қадірлі қонақтар би арқылы біздің елдің, ұлтымыздың мәдениетін түсініп, көркемөнер көкжиегіне көз жәрберді.

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VII Съезі дінаралық татулықтың тамырын тереңге

жіберіп, достықты ту еткен қазақ елінің мерейін ашырса, «Наз» театры сол салтанатты шараға өнермен шашу шашты.

– «Наз» мемлекеттік би театры – қазақ өнерін, әсіресе би өнерін кеңінен насихаттап жүрген ұжым. Әлемнің көптеген елдеріне өнер сапарымен барып, қазақ ұлтының, қазақ елінің мәдениетін әйгіледік. Ал елордамыз болса, бұл күнде татулық пен достықтың берекелі алаңына айналған. Әлемдік және



дәстүрлі діндер лидерлерінің VII Съезінің қазақ ұлтының астана-сында өтуі үлкен мерей десек, сол салтанатты жиналысқа келген қонақтарға біздің ұжымның өнер көрсетуі – біз үшін үлкен мақтаныш. Біз осы Съезд аясында «Қазақ жәдігерлері» атты концерттік бағдарламасымен 23 маусымымызды аштық. Концерттік бағдарламада қазақтың ұлттық билері мен әсем әндері орындалды. Қонақтар да біздің концерттік нөмірлерімізді өте ыстық ықыласпен тамашалады, – деді «Наз» мемлекеттік би театры

МКҚК-ның бас әкімгері, әншісі Айсұлтан Басықара.

1999 жылдың 9 ақпанында Астана қаласы мемлекеттік филармониясы жанынан «Наз» халық би ансамблі болып құрылған бұл ұжым 2007 жылдың 1 наурызында қала әкімінің шешімімен Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Наз» мемлекеттік би театры болып өз алдына шаңырақ көтерді. Өнерде өзінің беталысын байқатып, өз тұсынан оза шапқан «Наз» 2001 жылы II Республикалық Ш.Жиенқұлова атындағы қазақ би конкурсының лауреаты; 2001 жылы IV Халық-

аралық «Шабыт» шығармашылық жастар фестивалінің Гран при иегері; 2002 жылы Қазақстан Жастар Одағы сыйлығының лауреаты; 2003 жылы Новосибирск қаласында өткен II халықаралық хореографтар конкурсының лауреаты (Ресей); 2004 жылы «Алтын мүсін» иегері (Қытай); 2017 жылы М.Әсамбаев атындағы IX Халықаралық фестивалінің лауреаты (Грозный) атанды.

Театрда қазір 130 қызметкер бар.

Баян АСЫЛБЕКОВА

«ЕСТИТІН ҮКІМЕТ» ХАЛЫҚТЫ ҚАНШАЛЫҚТЫ ЕСТИДІ?

Адамзат тарихында өзіндік орны бар ойшылдар Платон, Аристотель және Конфуцийдің пәлсапалық ой-тұжырымдарында кемел мемлекет құруға байланысты ұстанымы көптеген саяси құрылым түрін құруға негіз болды. Бүгінде «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдасын осындай тарихи еңбектерде айтылған өміршең ойлардың сабақтастығы сараланып, жүзеге асыру жолдары сөз болуда.



Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

Қазақстан Республикасы Конституциясының 3-бап, 1-тармағында «Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық» деп жазылған. Мемлекеттік құрылымдардың қызметі халықтың игілігіне, азаматтардың сұранысы мен талап-тілектеріне бағытталуы тиіс. Мемлекеттік органдар халықтың әл-ауқатын арттырып, жайлы өмір салтын қалыптастыру үшін жұмыс істеуі тиіс. Заңда солай көрсетілген. Ал шынайы өмірде бұл құндылықтар қаншалықты орындалады?

Мәселенің мәні – осында. Ел белсенділері халық пен биліктің аражігі ажырап кеткені жайлы әлеуметтік желіде көтеріп жүр.

Елдегі қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді терең сараптап отыратын Президент «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыруды тапсырған-ды.

Яғни билік пен қоғам арасында тұрақты диалог орнату арқылы геосаяси ахуалға бейімделген үйлесімді мемлекет қалыптастырудың жолын ұсынды. «Естуші мемлекет» қағидасын жүзеге асыруда халықтың мүддесі бірінші орынға шығып, қарапайым адамның сұранысын қанағаттандырылуы тиіс.

Естуші мемлекет – азаматтардың өтініш-тілегін жинап, қарастыру ғана емес, сол өтініштердегі мәселелерді шешу үшін азаматтардың өзін іске тарту және болашақта сол олқылықтың болмауы үшін шаралар қолдану. Бұл – мегаполистерден бастап шалғайдағы ауылдарға тән құбылысқа айналуы керек-ақ.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев министрлер мен әкімдерге кабинеттен шығып, шалғайдағы ауыл тұрғындарымен ұдайы кездесу өткізуге пәрмен берді. Әрине, бұған дейін әкімдер жылына бір рет есеп беретін болса, енді ай сайын атқарған жұмысы туралы баяндап тұруы тиіс. Бұл – дұрыс қадам! Себебі көбіне айтылған мәселе айтылған жерде қалып, жыл аяғында халықтың көтерген талап-тілегі жылы жабыла салатын еді. Енді басшылар тұрғынның ұсынысы қай деңгейде орындалып жатқаны немесе қалай, қашан шешілетіні туралы хабарлап отырады.

Халықпен тығыз қарым-қатынас орнатудың түрлі тетігі болса, соның бірі – қоғамдық қабылдаулар. Біз

осы бағыттағы шараларды саралау үшін алдымен Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің баспасөз хатшысымен хабарластық.

– Елдің бас шаһарының басшысы Алтай Көлгінов әр аптаның жұма күндері қала тұрғындарын қабылдайды. Жалпы өткен жылы 1500 адамды қабылдап, көтерген мәселесін зерделеп, шешуге мән берді. Жыл басынан бері 900-ден астам елордалық қоғамдық қабылдауға келіп, әкімге өз өтінішін білдірді. Сұрақтың дені баспана, медициналық көмек, жұмыспен қамту, тұрғын алаптарын дамыту, мектеппен қамту және т.б. мәселеге қатысты, – деді Ақмарал Олжабаева.

Әрине, басшыға барып, тұрғындар тікелей мәселесін шешіп жатқаны дұрыс. Алайда кабинет жағаламай-ақ құжаттамалық жұмыстарды бітіруге болады. Мәселен, халыққа қызмет көрсету орталықтарына барып, тіпті үйден шықпай, электронды үкімет арқылы құжат рәсімдеу, коммуналдық қызмет түрлерінің ақысын, салық, айыппұл, сақтандыру және өзге де қызмет түрлерін төлеуге кез келген қазақстандықтың мүмкіндігі бар. Азаматтарға ыңғайлы болуда egov арнайы мобильдік қосымшасы әзірленді. Мобильдік қосымша арқылы мемлекеттік қызметтің 77 түрін алуға болады. Ал Telegram мессенджеріндегі @EgovKzBot арқылы 25 түрлі қызмет пен сервис қолжетімді. Тағы 31 қызметті бір реттік құпия сөз жүйесі арқылы ұсынылады. Ал Нұр-Сұлтан қаласында «бір терезе» қағидасы бойынша жұмыс істейтін «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығында 70-тен астам мемлекеттік қызмет түрі көрсетіледі.

Орталық ашылғалы 142364 сұрақ бойынша 134813 адам қабылдады. 2022 жылдың басынан бері Орталыққа 28680 адам жүгінді, 30672 мәселе қаралды, оның 14313-і шешілді.

Орталықтың жиынтық талдау және құжат айналымы бөлімінің маманы Бауыржан Қоңырқұлжиновтың сөзінше, «Естуші мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру, әлеуметтік тиешеленісті жеңілдету және қала тұрғындарының жергілікті атқарушы органдар ұсынатын мемлекеттік аппарат жұмысының тиімділігіне қанағаттанбау деңгейін төмендету мақсатында жалпы бекітілген кестеге сәйкес, санитарлық нормаларды сақтау, мемлекеттік мекемелердің бірінші басшыларының, басшылардың депутаттарының азаматтарды қабылдауы апта сайын ұйымдас-тырады. Мәселен, Тұрғын үй

**ТҰРҒЫН ҮЙ ЖӘНЕ
ТҰРҒЫН ҮЙ ИНС-
ПЕКЦИЯСЫ
БАСҚАРМАСЫ 26
ҚАБЫЛДАУ ӨТ-
КІЗІП, ОҒАН 340
АДАМ ЖҮГІНІПТІ.
СОНДАЙ-АҚ
СӘУЛЕТ, ҚАЛА
ҚҰРЫЛЫСЫ ЖӘНЕ
ЖЕР ҚАТЫНАС-
ТАРЫ БАСҚАР-
МАСЫ ӨТКІЗГЕН
22 ҚАБЫЛДАУҒА
153 АДАМ, БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫ-
НЫҢ 25 ҚАБЫЛ-
ДАУЫНА 187
АДАМ КЕЛДІ**

және тұрғын үй инспекциясы басқармасы жыл басынан 26 қабылдау өткізіп, оған 340 адам жүгінді. Сондай-ақ Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы өткізген 22 қабылдауға 153 адам, білім басқармасының 25 қабылдауына 187 адам келді. Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы, Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы, сондай-ақ Сарыарқа, Байқоңыр, Алматы, Есіл ауданының әкімдері тұрғындардың талап-өтінішін қанағаттандырды. Мемлекеттік мекеме басшыларынан бөлек, халық қалаулылары да белсенділік танытып, ел-жұрттың тілек-талабын біліп, шешілуге маңыз беріп жүр. Бұл қатарға Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының депутаты Салтанат Женабаева, Нұрдаулет Оразханов, Назгүл Мақсатова және т.б. көптің тілегіне құлақ асып, сұранысын шешуге дем берді.

Одан бөлек, «Жанұя» орталығының базасында 14 қызмет көрсететін «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік және квазимемлекеттік секторлардың қызметі ұйымдастырылады. Олар: «Отбасы Банк» АҚ тұрғын үй жағдайын жақсарту бойынша кеңес және депозитті рәсімдеу, ипотекалық кредитті рәсімдеу т.б. туралы толық ақпарат алуға болады. Сондай кеңес беру, түсіндіру жұмысы денсаулық сақтау басқармасы, білім басқармасы, халықты жұмыспен қамту орталығымен жүйелі жүргізіледі.

Мұның бәрі – «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына сай атқарылып

жатқан жұмыстар. Екінші жағы, бұл – биліктің тұтқасын ұстаған азаматтардың күнделікті атқаруы тиіс міндеті де...

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» әртүрлі механизмдер арқылы құрылса, оның тиімді тетігі цифрланған жүйеде. Озық елдердің тәжірибесіне сүйенетін болсақ, халықпен етене жақын жұмыс істеудің бір тәсілі – қызмет көрсету саласын цифрландыру. Цифрланған әлемде АҚШ, Жапония, Англия, Германия, Дания сынды елдің тұрғындары интернет арқылы мемлекеттік қызмет түрлерін оңай алып, өзінің талап-тілегін атқарушы билікке жеткізе алады.

XII ғасырдың табалдырығына Жапония электронды үкіметті дамудың құрамдас бөлігі ретінде өтті. Олар «317 қадам» бағдарламасы аясында 2055 жылы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында әлемдік лидерге айналу көздеп, білім берудегі ақпараттық технологияларды пайдалану, электрондық коммерцияны дамыту, әлеуметтік қызметтерді басқару және басқаруда ақпараттық технологияларды пайдалану, ақпараттық желілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп отыр.

Біздің елде Президент әкімшілігінен бастап, министрлік, әкімдік пен басқармалардың сайт-порталдары жұмыс істейді. Онда басының блогы және мекеменің көрсететін қызмет түрлері, байланыс нөмірін табуға болады.

Мобильді байланыс дамыған заманда мекеме басшыларының жұмыс телефоны көрсетіледі. Алайда тұрғындар арасында мекеме қызметкерлері телефон нөмірін көтермейді дегенді жиі естиміз. Өзіміз де жұмыс телефоны арқылы мекеме басшыларына хабарласа алмай жатамыз.

Әлеуметтік желінің белсендісін Индира Дүйсенова: «Кез келген мекеменің корпоративті нөмірлері көпшілікке қолжетімді болуы тиіс. Барлық үйде стационарлық телефон табыла қоймайды, есесіне қазақстандықтардың барлығы дерлік смартфон қолданады. Сондықтан ұялы байланыстары жариялануы керек» дейді.

Шынында, ашықтық пен жариялықты қалыптастырудың бір тетігі – басшылармен байланысудың қолжетімді болуында.

Халықпен қарым-қатынасты жақсартатын, көпшілікті толғандырып жүрген мәселелерді пікір талқысына салатын маңызды диалог алаңдарының бірі – Ұлттық құрылтай.

Жаңа Қазақстанның міндеті – ашық азаматтық қоғам құру, әділетті мемлекет орнату, демократиялық үдерістерді дамыту болса, мұндай халықшыл бастамаларды жетелдетуде құрылтайды маңызды саналады. Құрылтайы халықтық құрылым десек, онда халықтың даусы естілетін сервисті жетілдіру керек. Осы мақсатта «Құрылтай» идеясы елде қосымшасы іске қосылады. Бұл арқылы халық мұң-мұқтажын жеткізіп, елдік істерге араласып, азаматтық қоғамның дамуына үлес қоса алады.

Қысқасы, ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фараби «Қайырымды қала» идеал қоғам құрудың бір жолы – азаматтардың мүддесін қорғайтын әділетті мемлекет орнатып, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыру керек.

Мұның жолдарын қысқаша шолып, ой қорытып көрдік. Әрине, әлі де жетілдіретін тұс көп. Ол – халықпен етене жақын араласу.



ОТБАСЫЛЫҚ ҚАТЫНАС – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Елорданың тәртіп сақшылары отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатымен бірқатар іс-шараларды жүзеге асыруда. Соның бірі – отбасылық жанжалшылармен профилактикалық әңгіме жүргізу.

Төлен ТІЛЕУБАЙ

Бұл орайда полиция қызметкерлері үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп, жұмыс атқаруда. Отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылық іс-қимылдардың алдын алу үшін тұрақты түрде профилактикалық әңгіме өткізіледі.

«Мұндай әңгімелердің негізгі мақсаты – ішкі істер органдарында профилактикалық есепте тұрған адамдарды мас күйінде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жолын кесу бағытында қабылданып жатқан іс-шаралар туралы хабардар ету, отбасындағы тыныштықты сақтау және отбасының қоғамдағы рөлін нығайту болып табылады» деді полиция қызметкерлері. Ең бастысы, мұндай жағдайда жәбірленуші азаматтар құзырлы мамандардан құқықтық және әлеуметтік мәселелер бойынша жеке кеңес алады.

Енді осыған нақты мысалдар келтірейік. Нұр-Сұлтан қаласының Полиция департаментінен алынған мәліметке айтылғандай, Есіл аудандық полиция басқармасының учаскелік полиция инспекторына Қайым Мұхамедханов көшесіндегі тұрғын үйлердің бірінің тұрғыны көмек сұрап, хат жазған. Тексеру барысында құзырлы орган қызметкеріне жүгінген әйелдің күйеуі отбасында жанжал шығарып, сол жерде әйеліне балағат сөздер айтып, денсаулығына зиян келтірмейтін физикалық күш қолданғаны анықталған.

Көп ұзамай жанжал шығарған еркек уақытша ұстаа абақтысына қамалды. Оған қатысты 1 ай мерзімге қорғау

ұйғарымы шығарылды. Полиция қызметкерлері қорғау нұсқаулығының шектеулерін, тұрмыста құқық қайшы келетін іс-әрекеттерге жол бергені үшін құқықтық жауапкершілігін түсіндірді.

Заң шеңберінде жанжал шығарған адамға Қазақстан Республикасының Әкімшілік-құқық бұзушылық кодексінің 73-бабы, 2-тармағы бойынша «ұрып-соғу» деген айыппен әкімшілік іс қозғалды. Мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттың шешімімен құқық бұзған адам кінәлі деп танылды. Оның мінез-құлқына ерекше талаптар қоя отырып, ескерту түрінде жаза қолданылды. Яғни, отағасына жұбайымен 6 мерзімге дейін кездесуге, қарым-қатынас жасауға тыйым салынды. Ал жәбірленген әйелге құқықтық және психологиялық көмек көрсетілді.

Есіл аудандық полиция басқармасының бастығының орынбасары Марат Дубаевтың айтуынша, 2022 жылдың басынан бері аудан бойынша отбасылық-тұрмыстық саладағы материалдарға қатысты сот шешімдері бойынша 115 құқық бұзушы қамауға алынып, қабылдаушы және бөлуші орынға орналастырылған. Елорда бойынша 102 нөміріне жыл басынан бері отбасылық-тұрмыстық мәселелерге қатысты 9972 қоңырау келіп түскен. Алты айдың ішінде 1045 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылыпты. Сондай-ақ 4432 адамға қорғау ұйғарымы шығарылған, 250 құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар белгіленген. Барлығы 265 адам медициналық мекемеге мәжбүрлеп емделуге жіберілген.

Бұрындары бар-жоғы білінбейтін, қоғам өмірінен сырттап қалған мүмкіндігі шектеулі жандардың өмірінде ғана емес, «мүгедектік» ұғымға да түзету енгізіп, басқаша қабылдай бастадық. Мүгедектер халықтың осал топтарына жатқызылғанмен, тең мүмкіндіктер берген соң қоғам өміріне белсене араласа бастады. Ең бастысы, олардың өмірден алатыны барын, қоғамға да беретіні барын дәлелдеді. Расында да, кеше ғана аттай шауып жүрген адам тағдырдың талқысымен бір сәтте кісіге пенде болып қалуы әбден мүмкін. Рухы биік жандарға қандай жағдай болса да өмір бір орнында тоқтап қалмайды ғой. Осы жерде ерекше «қамқорлықтың» жаңа сипаты шығады. Қалыпты өмірінің бұрмалаң тұсында олардың «аяғынан тұрып», олардың қалыпты әлеуметтік-экономикалық құрылымдарға бейімделуіне жағдай жасау арқылы өзін-өзі қамтамасыз етуге бастайтын бағдарламалар қажеттігі аз айтылып жүрген жоқ. Мүгедектер үшін тең мүмкіндіктер жасау – қоғам алдындағы міндеттің бірі болып келеді.

Дегенмен, мамандардың айтуынша, мүгедектердің басымы көпшілігі, яғни жетпіс пайыздан астамы халықтың бай-қуаттылық сегменттері бойынша қарастырылғанда, кедейлер тобын құрайды. Бұл кедейліктің себебі де салдары да «мүгедектік» болып отыр. Демек, кедейшілікпен күрес мүгедектіктің әлеуметтік мәселесін шешу, оларға барынша жағдай жасап, алға тарту арқылы қатар жүрмек.

Оны бір сөзбен айтқанда, әлеуметтік оңалту деп жүрміз. Әр елдің осы бағыттағы тәжірибесін талқылап көрсек, өзіндік тарихы барына көзіміз жетеді.

Көптеген елдердің заңнамасы олардың өнеркәсіптік даму деңгейінің айырмашылығына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарай бейімделеді. Олардың негізгі құқықтарын тану, кемсітушілікке жол бермеу және адамның қандай да болмасын қадір-қасиетін құрметтеу принциптері қаралды.

Ең бастысы, мүгедектердің барлық адам құқықтарын тең негізде толық жүзеге асыруына жәрдемдесу, қорғау және қамтамасыз ету осы негізде қабылданған әлемдік құжаттардың басты ұранына айналды. Атап айтқанда, қоғам игілігіне қолжетімділік, кедергісіз орта, денсаулық сақтау, білім беру, жұмыспен қамту, оңалту, қоғамның саяси өміріне белсене қатыстыру, айта берсек, теңдікпен бостандық секілді қасиетті ұғымдар жанап өтуге тиіс емес.

Мұндай теңдікке біздің қоғамымыз да ұмтылуда. Алайда ұзап кеткен әлемдік көшке ілесе ала ма?

2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстанда 696,8 мың мүгедек немесе жалпы халықтың 7,5%-ын құрайды, оның ішінде 419 мың еңбек жасындағы адам, 2021 жылы барлығы 104 мың адам жұмыспен қамтылды.

Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау бойынша заңнамаларға сәйкес мынадай құқықтары бар:

- әлеуметтік қорғалу, соның ішінде сауықтыру, қоғамға бейімделу;
- әлеуметтік инфрақұрылым нысандарына кірумен қамтамасыз етілу;
- ақпаратты алуға мүмкіндік



МҮСІРКЕМЕ, МҮМКІНДІК БЕР

Бүгінгі қоғамның мүгедектерге деген көзқарасы өзгеріп, мейірімі артып келеді. Бас қаламызда барлық әлеуметтік нысандардың арбалы адамға ыңғайлы болуы үшін пандустар орнатып, арнайы «инватакси» шығарып, түрлі үкіметтік емес ұйымдар оларды қамқорына алып, мүмкіндігі шектеулі жандардың оқшау өміріне өзгеріс әкеле бастады. Ізгілікке бет бұрған қоғам осы санаттағы туа бітті кемдігі бар сәбилерді «ерекше балалар» деп атауға шақырып, олардың мүгедектігін бетіне басудың қажеті жоғын айтты. Оларды өз қатарынан қалдырмай, ортаға тартып, оңалту орталықтарын аша бастады.

берумен қамтамасыз етілу;

- білім беру, қызмет түрін еркін таңдау, соның ішінде еңбекке байланысты;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықта-



2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстанда 696,8 мың мүгедек немесе жалпы халықтың 7,5%-ын құрайды, оның ішінде 419 мың еңбек жасындағы адам, 2021 жылы барлығы 104 мың адам жұмыспен қамтылды. Мүгедектер үшін тең мүмкіндіктер жасау – қоғам алдындағы міндеттің бірі болып табылады

латын тәртіппен көрсетілетін тегін медициналық көмектің кепілденген көлеміне ие болу;

- кәсіби дайындық және қайта дайындау, еңбекке жарамдылығын қалпына келтіру және жұмысқа орналасу;
- Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес үй алу;
- мемлекеттік және басқа да ұйымдарда, соның ішінде денсаулық сақтау, мәдениет, байланыс, көлік, қызмет саласында бірінші кезекте қызмет көрсетіледі;
- мүгедектердің шығармашылық мүмкіндіктерін қолдау.

Сонымен қатар, осы заңның негізінде тиісті мемлекеттік ор-

гандар мен құрылыс компаниялары арбамен жүретін адамдардың оларға қолжетімділігін жеңілдету үшін жаңа ғимараттар мен құрылыстарды тұрғызу және қолданыстағыларды жөндеу кезінде мүгедектердің ерекшеліктерін ескеруі қажет. Қоғамдық көлікті басқару органдары өз қызметтерін көрсету кезінде мүгедектерді кемсітуге болмайды. Мүгедектердің мініп-түсуіне қолайлы жағдай жасау немесе қарапайым қоғамдық көлік түрлерін өз бетімен пайдалана алмайтын мүгедектерге арнайы көлікпен қамтамасыз ету көзделген.

«Мүгедектерді жұмыспен қамту туралы» жеке заң жұмыспен қамту мәселелерін реттейді және мүгедектерді жұмысқа орналастыру, жоғарылату, кәсіптік оқыту және еңбекақы төлеу кезінде кемсітуге тыйым салады. Мүгедектерге күтім жасаудың америкалық моделінің жетістігі – әлеуметтік қызмет көрсету секторының қызметін заңнамалық реттеуде ғана емес, сонымен қатар белгілі бір физикалық кемістігі бар адамдардың өзін толық сезіне алуын қамтамасыз етуге бағытталған қоғамның өзінің бастамаларында жатыр. Мүмкіндігінше қоғамның толық және интеграцияланған бөлігі болып табылады.

Бүгінгі күні Америка Құрама Штаттарында мүгедектердің құқықтарын қорғайтын негізгі құқықтық акт – еңбек қатынастарында, мемлекеттік органдарда, қоғамдық орындарда, мүгедектерді кемсітуге тыйым салатын жоғарыда аталған «Мүгедектігі бар американдықтар туралы» заң. Заң барлық деңгейдегі үкіметтерге мүгедектердің «әртүрлі іс-шаралардың, бағдарламалардың және қызметтердің артықшылықтарына тең қол жеткізуін» қамтамасыз етуге

бағыттайды. Бұған халыққа білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қызметтерді пайдалану, соттарда, сайлау учаскелері мен қалалық жиналыстарда болу кіреді. Заң «мүгедектерге қатысты кемсітушілікті болдырмау үшін саясатқа, тәжірибеге және процедураларға ақылға қонымды өзгерістер енгізуді» талап етеді.

Осының ықпалында елдегі құрылыс компаниялары арбамен жүретін адамдардың оларға қолжетімділігін жеңілдету мүгедектердің ерекшеліктерін ескеруі қажет. Қоғамдық көлікті басқару органдары өз қызметтерін көрсету кезінде мүгедек-жолаушылардың көлікке мініп-түсуіне қолайлы жағдай жасап, бәрін ортақ қоғамдық көлік түрлерін өз бетімен пайдалана алмайтын мүгедектерге арнайы көлікпен қамтамасыз ету көзделген. Заң негізінде оларды жұмыспен қамту мәселелерін реттейді және мүгедектерді жұмысқа орналастыру, қызметіне қарай жоғарылату, кәсіптік оқыту және еңбекақы төлеу кезінде кемсітуге тыйым салады. Мүгедектерге күтім жасаудың америкалық моделінің жетістігі әлеуметтік қызмет көрсету секторының қызметін заңнамалық реттеуде ғана емес, сонымен қатар белгілі бір физикалық кемістігі бар адамдардың өзін толық сезіне алуын қамтамасыз етуге бағытталған қоғамның өзінің бастамаларында жатыр. Қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінуіне оларға барынша жағдай жасалған. Әрбір ел өзінің ерекшеліктерін ескере отырып, әлеуметтік оңалтудың өзіндік моделін қалыптастыруда. БҰҰ мәліметтері бойынша әлемде мүгедектер саны бір миллиардтан асып отыр.

КӨҢІЛГЕ ҚАЯУ ТҮСІРМЕ

Біздің көбіміз мүгедектер түгілі, жай бейтаныс адамдармен қалай-қарым-қатынас орнатып, қалай сөйлесу керектігін онша біле бермейміз. Ал ерекше қамқорлық қажет ететін мүгедектермен кездескенде, мүлдем абдырап қалатынымыз рас. Мына бір қалыптасқан ереженің екеуара қолайсыздықты жойып, жақсы сөйлесуге септігі бар екен. Бұл ережені АҚШ-тың мемлекеттік қызметшілері қызмет бабында басшылыққа алады екен.

– Көшеде мүгедек көрсеңіз, бас салып мүсіркеп, маңдайынан сипауға тиісті емессіз. Шамадан тыс жанашырлық танытудың қажеті жоқ. Сол арқылы сіз оны тең көрмей, кемдігін көрсеткендей еріксіз қорлауыңыз мүмкін.

– Мүмкіндігі шектеулі адаммен әңгімелесу кезінде, оның жанындағы қамқоршысы немесе сурдоаудармашыға қарап емес, тікелей өзіне қарап тілдесіңіз.

– Егер мүгедекпен қол алысып танысу қажет болса, егер ол адамның қолы қимылдамайтын немесе протез болса да қолын ұстап ишара жасағанның айыбы жоқ.

– Көзі көрмейтін адамды кездестірсеңіз, өзіңізді және сізбен бірге келген адамдарды міндетті түрде дауыстап атын атап, таныстырыңыз. Егер сіз осындай топ алдында сөйлесетін болсаңыз, өзіңіздің кім екендігіңізді, не мақсатпен келгеніңізді айтуды ұмытпаңыз.

– Егер мүгедекке көмектескіңіз келсе, алдымен рұқсатын алып, не істеп, не қою керегін анықтап алыңыз.

– Қанша жерден мүгедек болса да тең дәрежеде, өз қатарыңыздай қарау керек. Егер сіз оларды жақсы білсеңіз ғана сен деп атымен атаған жөн. Басқа жағдайда

сіз деп сыпайылық танытқан жөн болар.

– Олардың қоларбасы – өзінің орны, жеке кеңістігі. Сол арбаға сүйкеніп немесе бауларын тартқылап, әр жерін шұқылау – ерсі нәрсе. Бұл адамның өзін тінткендей әсер қалдырады.

– Тілінде мүкісі бар адамдарды мұқият тыңдаңыз. Сөзін бөліп, түзетпеңіз, айтатын ойын Сіз аяқтамаңыз. Егер ештеңе ұқпасаңыз, өтірік көлгірсімей, шындығын айтыңыз. Түсінгеніңізді қайталаңыз, бұл адамға сізге жауап беруге, ал сіз оны түсінуге көмектеседі.

– Мүгедектер арбасын немесе балдақты адаммен сөйлескенде, сәл еңкейіп өзіңіздің және оның көздері бір деңгейде болып, бетіне тік қарап сөйлесу сізге оңайырақ болады.

– Есту қабілеті нашар адамның назарын аудару үшін қолыңызды сермеп, немесе иығынан түртіп назарын аудартуға болады. Құлағы мүкістердің барлығы бірдей ерінге қарап, сөз түсіне алмаса да оның көзіне тік қарап, анық сөйлеңіз. Жарық жерде бет-жүзіңіздің қимылын анық көретіндей болсын. Сонда тез ұғынысуға мүмкіндік болады.



Өмірдің түрлі кедергілері мен қиындықтарына қарсы тұра алмай, жан тыныштығын есірткіден іздейтіндер көп. Сыныққа сылтау табылатын қоғамда жандары жаралылардың дертіне дауа нашақорлық деу дендеп барады. Жаңанды жайлаған есірткінің бір грамын қолдану қылмыстық жауапкершілікке тартуға жеткілікті. Дегенмен, қатаң жаза нашақорлар санын азайтпай отыр.



ЕСІРТКІГЕ ТӘУЕЛДІЛІК ТҮБІ – ҚҰРДЫМ

БҰҰ соңғы мәліметтері бойынша, 2020 жылы әлемде 15-64 жас аралығындағы 284 миллионға жуық адам есірткі қолданған, бұл алдыңғы онжылдыққа қарағанда 26 пайызға көп. Ресми дерекке сенсек, оның ішінде жастар есірткіні көбірек пайдаланады. Ал елімізде 18 мың адам нашақорлық бойынша тіркеуде тұр.

ЕЛОРДАДАҒЫ АХУАЛ ҚАНДАЙ?

Нұр-Сұлтан қаласы Полиция департаментінің мәліметінше, елордада жыл басынан бері 484 есірткі қылмысы тіркелді. Оның ішінде: ҚР Қылмыстық кодексінің 262-бабы бойынша – 2, 296-баптың 4-тармағы бойынша – 24, 297-бабы бойынша – 107, 299-бабы бойынша – 5, 299-1 бабы бойынша – 10, 296-баптың 2,3-тармағы бойынша – 336 заңбұзушылық дерегі анықталды. 2021 жылы небәрі алты айдың ішінде есірткі қылмысының саны 483-ке жеткен. Былтырғымен салыстырсақ, қалада есірткі мәселесі дйттеген жеріне жетпей, азаймай отыр.

Сонымен қатар, биыл заңсыз айналымнан 246 кг 881 гр түрлі психотроптық заттар анықталды. Оның ішінде: марихуана – 96 кг 979,42 гр., гашиш – 115 кг 886,36 гр., героин – 12,864 гр., синтетика, метилendioксиметамфетамин (МДМА, экстази) – 34 кг 023 гр. Былтырдан бастап, синтетикалық есірткінің түр-түрін, әсіресе «спайс», «мефедрон» және «пиروалерон» (жылдамдық) және басқаларының бір грамы ғана қылмыстық жауапкершілікке тартуға жеткілікті.

Нұр-Сұлтан қаласы Полиция департаментінің жергілікті полиция қызметінің бөлім басшысы Азамат Садықов қаладағы есірткі қылмысымен күрес күшейгенін жеткізді.

– Интернет желісінің аясы кеңейе түсіп, есірткі заттарын нарыққа шығарып жүрген қылмыскерлердің саны көбейіп келеді. Нұр-Сұлтан қаласында жыл басынан бері 4 есірткі зертханасы жойылды. Ұсталған адамдар үй жағдайында синтетикалық есірткі өндірумен айналысты, кейін ақпарат құралдары арқылы есірткі заттарын сатты, – деді полиция қызметкері.

Азамат Садықов нашақорлықтың және есірткі құқық бұзушылықтарының алдын алу мақсатында елордада түрлі іс-шаралар жүргізілгенін атап өтті. Атап айтқанда, Полиция департаментінің қызметкерлері Нұр-Сұлтан қаласының

әкімдігімен, үкіметтік емес ұйымдармен және басқа да құзырлы органдармен бірлесіп, 2022 жылда жалпы саны 183 алдын алу іс-шараларын өткізді. Оның ішінде: акциялар саны – 7, семинарлар – 23, дәрістер – 60, дөңгелек үстелдер – 15, кездесулер – 32, спорттық іс-шаралар – 22, байқаулар – 2 және 22 – басқа да іс-шаралар.

ЖАСТАР ЕСІРТКІГЕ НЕГЕ ҚҰМАР?

Жастардың дені бірсәттік қызық үшін есірткінің буына шырмалып, артынан опық жеп, өмірін құрдымға кетіреді. Сорақысы сол, жаңа дүниеге құмар жастар есірткінің торына алдымен ілігіп жүр. Ресми дерек бойынша, Қазақстанда есірткі қолданғандардың ең жасы 13-те. Балаларының наркоманға айналғанын ата-аналар ұзақ уақыт бойы аңғармауы мүмкін. Жағдай ушығып, ауруы өбден асқынғанда ғана арнайы мекемелерге келеді.

Өкініштісі, есірткі бизнесін қыздыруда жасөспірімдер көп қолданатын әлеуметтік желілер үлкен рөлге ие. Мәселен, кейінгі жылдары әлемде DarkNet, жасырын, көлеңкелі бағыттағы желілік сайттар арқылы есірткі өнімінің саудасы белең алған. Соңғы мәліметтер бойынша елімізде «қара базарды» қолданушылар саны 7 мыңға жетіп отыр. Одан бөлек, Telegram арналары арқылы саудалау көбейген. Онлайн бизнес жайында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына жолдауында айтып өтті. «Синтетикалық есірткі тұтынатындардың көбеюі ұлт саулығына зор қауіп төндіруде. Қазіргі ахуал өте күрделі, соңғы үш жылда тәркіленген «синтетиканың» көлемі 10 есе артқан. Уақыт өткен сайын мұндай есірткі арзан, әрі қолжетімді бола бастады. Нашақорлар оны әлеуметтік желі мен түрлі мессенджер арқылы емін-еркін сатып алып жатыр. Есірткіні, тіпті, үйге әкеп беретіндер бар. Бұл – аса қауіпті, әрі ауқымды әлеуметтік кесел» деді Президент.

Сонымен қатар, мемлекет басшысы синтетикалық есірткіні өндіруге және таратуға қарсы күрес жалпұлттық деңгейде жүргізуде тиіс екенін баса

айтты. Нашақорлықпен және есірткі саудасымен күресудің кешенді жоспарын әзірлеу қажеттілігіне тоқталды.

ЗАЛАЛЫ КӨП «СИНТЕТИКА»

Табиғи және синтетикалық деп бөлінетін есірткінің соңғы түрі елімізде көбейіп келеді. Түрлі химиялық қоспалардың негізінде алынатын синтетиканың түрі сан алуан, салдары да табиғи есірткіге қарағанда анағұрлым ауыр.

Мамандардың айтуынша, есірткі індеті – жас, жыныс, әлеуметтік топ талғамайтын дерт. Адамның күшін тасытып, уақытша ләззат алу сезімін сыйлайтынымен қоғамның сұранысын арттырып отыр. Есірткіге тәуелділер үшін оның бағасы маңызды емес. Оны қайтсе де табуға асығады. Бірақ синтетикалық есірткінің тұзағына түсіп, өз денсаулығына өзі балта шабатынын кейін ғана кеш түсінеді.

Синтетиканың «алып күші» тұтынған адамның бірінші кезекте орталық жүйке жүйесін бұзуында жатыр. Параноя, галлюцинация, ұмытшақтықтан басталып, кейін шизофрения сынды ауру түрлерін тудыратын есірткінің бағасы арзан, алам деушілер үшін де қолжетімді болып кеткен. Адамның есін

героиннан да қатты әсер етеді. Біздің орталығымызда героин, опумиды қолданғандар бар. Олар он жылдай табиғи есірткіні қолданса да, берілген тапсырмаларды жақсы орындай алады, ақыл-ойы да аса зақымдалмаған. Ал синтетикалық есірткіні баржоғы бірнеше ай қолданып жүргендердің ойлау қабілеттері шашыраңқы. Өмірде не болып жатқанын түсінбеуі де мүмкін. Шынайы болмысты қабылдап жатпайды. Олар есірткіні жағымды, залалсыз зат ретінде көреді. Ай, жылдарды шатастырады. Шамадан тыс белсенді қимылдайды. Сөйлеу мәнерлері де түсініксіз. Өмірдегі жағдайларға анализ жасамайды, ойлау қабілеті мүлде жоқ. Мысалы, адам бейнесінен жануарды ма, басқа да бір тылсым дүниелерді ме көруі мүмкін. Айта кету керек, синтетикалық есірткіні қолданғандардың миы қалыпты деңгейіне қайтып келмейді, – деді маман.

«Адамның есірткіні қолданғаны қандай белгілері арқылы анықталады?» деген сауалға психолог Александр Рушук: «Әдетте нашақордың көз қарашығы ұлғаяды, шамадан тыс белсенді қимылдайды, ұйықтамай, тамақ ішпей жүре бере алады. Мінезі күдіктілеу көрінеді» деп жауап берді.

Психолог елімізде есірткіге қарсы профилактика

ЖАСТАРДЫҢ ДЕНІ БІРСӘТТІК ҚЫЗЫҚ ҮШІН ЕСІРТКІНІҢ БУЫНА ШЫРМАЛЫП, АРТЫНАН ОПЫҚ ЖЕП, ӨМІРІН ҚҰРДЫМҒА КЕТІРЕДІ. СОРАҚЫСЫ СОЛ, ЖАҢА ДҮНИЕГЕ ҚҰМАР ЖАСТАР ЕСІРТКІНІҢ ТОРЫНА АЛДЫМЕН ІЛІГІП ЖҮР. РЕСМИ ДЕРЕК БОЙЫНША, ҚАЗАҚСТАНДА ЕСІРТКІ ҚОЛДАНҒАНДАРДЫҢ ЕҢ ЖАСЫ 13-ТЕ. БАЛАЛАРЫНЫҢ НАРКОМАНҒА АЙНАЛҒАНЫН АТА-АНАЛАР ҰЗАҚ УАҚЫТ БОЙЫ АҢҒАРМАУЫ МҮМКІН. ЖАҒДАЙ УШЫҒЫП, АУРУЫ ӨБДЕН АСҚЫНҒАНДА ҒАНА АРНАЙЫ МЕКЕМЕЛЕРГЕ КЕЛЕДІ

алып, психикасына нұқсан келтіретін есірткіні ұзақ қолдану ақылға қонымсыз жайттар туғызады. Ал уақытылы емделмегендер үшін соңы қайғыға айналуы әбден мүмкін.

«Ренессанс» наркологиялық орталығы» ЖШС-ның психолог-аддиктологі Александр Рушук есірткіден айығамын деп келушілердің орташа жасы 25-30-ды құрайтындығын айтады.

– Синтетикалық есірткі

жетіспейтінін алға тартады. «Білікті мамандардың кең ауқымда сауатты ақпаратты жеткізу алаңы болса дұрыс. Айта кететін жайт, әдетте комплекске толы, өмірлік жағдайы қиын адамдар есірткіні қолданып жатады. Сондай-ақ қоғамда нашақорлық, есірткіге қарсы жағымды пікір тенденциясы белең алып келеді. Бірақ ескеру керек, қымбат медициналық оңалтулар 100% нәтиже бермейді» деді ол.

ӘЛЕМ ЕЛДЕРІНДЕ ЖАҒДАЙ ТҰРАҚТЫ МА?

Әлемде есірткіден толық айыққан бірде-бір мемлекет жоқ. Тек санаулылардың ғана тәжірибесі оң көрсеткіштерді көрсетіп отыр. Солардың бірі – Португалия. Олардың бұрын қабылдаған саясаты тыйым салу мәселенің шешімі емес. Португалдықтардың жиырма жыл бұрын қабылдаған саясаты нашақорлардың санын азайтқан. Яғни, 2001 жылы мемлекет есірткі тұтынуды декриминализациялау (тыйым салу) және нашақорлықпен күрестің жазалау әдістерінен медициналық-әлеуметтік тәсілге көшті. Сол жылы үкімет есірткіні жеке мақсатта қолдануды қылмыстық сипаттан алып тастады. Осылайша, қоғам есірткіге тәуелділерді қылмыскер ретінде емес, емделуші ретінде қабылдай бастады. Нәтижесінде артық доза салу мен АИТВ-дан (Адамның иммун тапшылығы вирусы) өлім-жітімнің саны азайды. Қазір Португалия есірткіден көз жұматындар саны бойынша Еуропада соңғы орында тұр.

Осыдан тура 25 жыл бұрын Швейцария нашақорлыққа қарсы күрес ретінде «төрт тірек саясатын» енгізді. Оның негізінде алдын-алу, емдеу, тыйым салу және содан кейін ғана жазалау принциптері жатыр. Қазіргі уақытта бұл тәжірибе мен оның тиімділігін әлем елдері мойындап отыр.

Ал Вьетнам, Малайзия, Сауд Арабиясы, Иран мемлекеттерінде тәртіп қатаң. Нашақорлар ұсталған жағдайда өлім жазасына кесіледі.

Шет елдің мысалы өз алдына. Себебі Қазақстан мен өзге мемлекеттердің әл-ауқаты әртүрлі екенін ескеру керек.

Нашақорлық дерті – қоғам күттірмейтін мәселе. Жастары есірткіге үйір елдің ертеңі бұлыңғыр, болашағы күңгірт. Елімізде нашақорлыққа қарсы жұмыстың пәрмені әлі де жөнді нәтиже бермей отыр. Сондықтан қоғам дертіне қарсы күресті құзырлы органдармен бірге, бүкіл қоғам болып жүргізу қажет.

Индира
БЕРЖАНОВА

БҮКІЛ ӘЛЕМ ОЛАРДЫ ЕСТЕ САҚТАЙДЫ...

Нұр-Сұлтан қаласында тұратын Ұлы Отан соғысы солдаттарының немересі Жаслан Боярисов өзінің бүкіл өмірін Айыртау ауданында өткізген Ұлы Отан соғысына қатысушы атасы Бегалы Боярисов туралы айтып беруді өтінді.


Соғыстың алғашқы күндерінен бастап біздің мыңдаған жерлестеріміз әскер қатарына қосылды. Алғашқы екі жылдың ішінде Көкшетау облыстық әскери комиссариаты 70 мыңға жуық жерлестерімізді әскерге шақырды. Майданға шақырылғандардың арасында айыртаулықтар көп болды.

Олардың бірі – Берлинге жеткен біздің жерлесіміз Бегалы Боярисов Мәскеу үшін шайқасқа қатысты.

Біз жерлесіміздің немересі ұсынған материалды зерттедік және Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің орталық мұрағатының сайтынан қосымша ақпарат таптық.

Бегалы Боярисов 1901 жылы Көкшетау облысы Айыртау ауданы Сарысай Наурыз ауылында дүниеге келген. Майданға шақырылғанға дейін Солтүстік Қазақстан облысы Куйбышев РВК «Наурыз» колхозында ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істеді, мал шаруашылығымен айналысты. Әскерде 859 полкке қызметке түсті, 312-атқыштар дивизиясының құрамында қызмет етті. Соғысқа аттанған кезде Бегалы атаның екі баласы болған. Олар – Минайдар мен Батима. Қызметін Ақмола облысының тумасы, генерал-майор А.Ф. Наумовтың басшылығымен бастады, қызмет барысында бірнеше рет өзін жақсы жағынан көрсетті, ұрыс даласында әскери тапқырлықпен көзге түсті.

Қазақ КСР-да құрылған барлық әскери құрамалардың ішінен генерал Иван Панфиловтың 316-дивизиясы кеңінен танымал. Құрамында Боярисов Бегалы болған 312-қазақстандық дивизиясы да өшпес ерлік қылды. Бегалының көптеген әріптестері өз өмірін қиып, бірнеше апта бойы неміс бөлімшелерінің Мәскеуге қарай Малоярославецкий және Боровский бағытында немістердің жылдам



Боярисов Бегалы

ілгерілеуін ұстап тұрды. Бегалы атамыз әскерде қызмет атқару кезінде бірнеше рет марапатқа ие болды.

1945 жылдың 14 қаңтарында 314-атқыштар дивизиясының батарея құрамында ерлік пен батырлықтың үлгісін көрсетті. Ұрыс қимылдары кезінде үш пулемет нүктесін, бақылау пунктін жойып, жаудың миномет батареясын тікелей соққымен жойды. Жау шегіну кезінде барлық уақытта жауынгерлік тәртіпін жүріп, бір пулеметті және 12 фашисті тікелей нысанмен жойды. Осы ерлігі үшін жерлесіміз «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталды.

Жалпы, соғыс кезінде ол басқа да марапаттарға ие болды: «Жауынгерлік ерлігі үшін», «Ерлігі үшін», Кеңес Одағының соңғы үкіметтік медалі Бегалы Боярисов марапатталған «Германияны жеңгені үшін» ордені болды.

Біздің айыртаулық сарбазымыз Жеңісті Берлинде қарсы алды. Соғыс аяқталғаннан кейін туған жеріне Айыртау ауданының Сарысай ауылына оралды, совхозда жұмысын жалғастырды, елдің экономикалық әлеуетін нығайтып, зейнеткерлікке шыққанға дейін мал өсірумен айналысты.

Қазір өзінің арғы атасын еске алуды оның үш ұрпағы: балалары, немерелері, шөберелері сақтайды. Отбасылық батыр туралы шөберелеріне айтады, марапаттау құжаттарын, медальдар мен ордендерін көрсетеді.

Илья МИНЕЕВ

ХАБАРЛАНДЫРУ
«Астана-Теплотранзит» АҚ Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 58-бабының 2-тармағының және 73-бабының 1-тармағының талаптарына сәйкес 2022 жылғы «22» қыркүйектен бастап Бірыңғай экологиялық порталда (Ecorportal.kz) «4(24)ҚТ-дан бастап Еренқабырға көшесі, 14/6 дейін жылу трассасын қайта жаңарту» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау бөлімі» жобасы бойынша қоғамдық тыңдау жария талқылау нысанында өткізіледі. Жобалық құжаттама пакетімен ескертулер мен ұсыныстар беру үшін Бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады. Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталда қабылданады.

Нұр-Сұлтан қаласы, Қорғалжын 23 мекенжайында орналасқан ЖК Уразбаева К.Е. (ЖСН 640210400457) банкроттыққа байланысты қызметін тоқтатқаны туралы хабарлайды.

ЖАҢА МАУСЫМ ӘУЕЗОВКЕ АРНАЛАДЫ

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Музыкалық жас көрермен театры өзінің III маусымын Мұхтар Әуезовтің «Абай-Тоғжан» (инсценировка авторы Мирас Әбіл) музыкалық драмасымен ашты.

**Аманғали
ҚАЛЖАНОВ**

Театр директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асхат Маемировтың айтуынша, биылғы жаңа маусым заңғар жазушы, қазақ әдебиетінің классигі, ұлттық драматургияның алыбы Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығына арналады.

– Бүгінгі таңда оның шығармалары өзінің өзектілігін жоғалтпай, пьесалары әлі күнге дейін көптеген қазақ театры сахналарында сахналанып жүр. Музыкалық жас көрермен театры ең алғашқы шымылдығын «Абай-Тоғжан» музыка-

лық драмасымен ашып, оны жыл сайынғы әдетке айналдырды. Жаңа маусымда театр ұжымы көрермендеріне тың туындыларды ұсынып, халықаралық фестивальдерге қатысады, – деді театр директоры.

Жаңа маусымның ашылуына қонақ ретінде қатысқан қазақтың «Қыз Жібегі» Меруерт Өтекешева әртістерді жаңа маусымның ашылуымен құттықтап, ақ батасын берді.

– Биыл қазақ әдебиетінің классигі, ұлттық драматургияның алыбы Мұхтар Әуезовтің туғанына 125 жыл толғалы отыр. Бұйырса, Қазақ елінде үлкен той болады. Сол тойдың баста-

масы ретінде Мұхтар Әуезовтің қойылымымен шымылдық ашқандарыңыз барлығымызды қуантады. Бүгінгі қойылымда Абай мен Тоғжанның кіршіксіз таза махаббаты көрсетіліп, Абай поэзиясындағы ойлы жырлар мен есті әндер орындалып, ұлтымыздың құндылықтары сахна биігіне көтерілді. Халықтық сана, ұлттық тәрбие, бабалар дәстүрін, ұлы дала ұлағатын өнерсіз елестету мүмкін емес. Мына сахнадағы әртістер спектакльді тамашалауға келген жастардың санасын бір сілкінтті деп ойлаймын – деді Меруерт Өтекешева.



СПОРТ

ПАРА БИШІЛЕРІМІЗ ӘЛЕМ КУБОГЫН ҰТТЫ

Словакия елінің Кошице қаласында арбамен билеуден Әлем кубогы өтті. Аталмыш сайысқа әлемнің 15 елінен келген параспортшылар бақ сынасты.



Әлемдік додаға түскен үздік спортшыларымыз Әлем кубогының жеңімпазы атанды. Жалпы, бұл жарыста қазақстандық пара бишілер жүлделер санынан рекордтық көрсеткішке қол жеткізді. Олар жарыс барысында классикалық, еуропалық және латынамери-

калық би түрлерінен, сондай-ақ «фристайл» мен «single» дисциплинасында жарысқа түсті.

«Барлығы жоғары деңгейде өтті. Ұйымдастыру жағы керемет болды. Өткен жері де әдемі. Ол жерде біз барған кезде барлық жағдайды жасады. Басқа елге деген құрмет

қошеметтері ерекше назарда болды» дейді Әлем кубогының иегері атанған елордалық Севда Алиева.

«Халықаралық паралимпиада комитетінің ұйымдастыруымен өткен сайыста еліміздің үздік бишілері ел намысын жоғары деңгейде

қорғады. Бүгінгі таңда арбамен билеу өнері кеңінен тарап келеді. Мұндай жарыстар қатысушылардың шеберлігін тамашалауға және оны бағалауға мүмкіндік береді. Біздің бишілер жарысқа жауапкершілікпен қарап, жаңа биіктерден көрінуге ұмтылады. Осы жарыс барысында бізде бір қызық оқиға орын алды. Жарыс болатын жерге жеткен кезде, сол Кошице қаласының әуежайында біздің киімдеріміз бен жүгіміз жоғалды. Алайда орын алған жағдайлар жақсы нәтиже көрсетуге кедергі болған жоқ. Тіпті біздің бишілер өз арбасымен емес, өзге арбамен өнер көрсетсе де жеңіске деген жігерліктің арқасында керемет өнер көрсетті» дейді ҚР жұп би федерациясының бас жаттықтырушысы Әлия Түсіпбекова.

Осылайша, әлемдік жарыста өз өнерлерін көрсеткен Қазақстан құрамасының қоржынына екі алтын, сегіз күміс және бес қола медаль түсті. Бұл шынымен де рекордтық көрсеткіш болды.

АСТАНАЛЫҚТАР – АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ

Моңғолия астанасы Улан-Баторда экипировкалы және классикалық жатып сығымдаудан Азия чемпионаты мәресіне жетті.

Пауэрлифтингтен Нұр-Сұлтан қаласының аға жаттықтырушысы Денис Рыбка классикалық жатып сығымдаудан 105 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсетіп, 215 келі нәтижемен бірінші орынға ие болды.

Сонымен қатар, елордалық Роман Пищаев экипировкалы жатып сығымдаудан күміс жүлдегер атанды. Ал қыздар бәсекесінде Нинель Аблаева жоғары нәтижеге қол жеткізіп, Азия чемпионы атағын жеңіп алды.

Дайындаған: **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**



SENI CUP ТУРНИРИ

Нұр-Сұлтан қаласындағы «Нұрлы жүрек» әлеуметтік қызмет көрсету орталығында психоневрологиялық ауытқушылығы бар жандар арасында Seni Cup футбол турнирі ұйымдастырылды.

Елордада алғаш рет ұйымдастырылған жарысқа Павлодар, Қарағанды, Ақмола облыстары мен Нұр-Сұлтан қаласының ойыншыларынан құралған 9 команда қатысып, өте қызықты, әрі тартысты ойындар көрсетті.

Қазақстанда 2017 жылдан бастап өткізіліп жүрген Seni Cup халықаралық турнирінің басты мақсаты – психоневрологиялық ауытқушылығы бар жандардың бір-бірімен араласуына ықпал жасау және әрбір қатысушының өзіне деген сенімін арттыру.

Спорттық іс-шараның ашылу салтанатында Нұр-Сұлтан қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Самат Жылқыбаев әлеуметтік жарыстың маңыздылығын атап өтті.

«Seni Cup турнирін өткізу Латвия және Украина елдерінде басталған. Біздің еліміз де бірнеше жыл қатарынын өткізіліп келеді. Ойындар мен жүлделі орындар арқылы қатысушы тек физикалық түрде дамымай, өзіне деген сенімін арттырып, шексіз мүмкіндігіне сене бастайды. Бүгінгі өңірлік турнирге қатысуға келген барлық ойыншыларға мықты денсаулық пен жеңіс тілеймін, – деді басқарма басшысы.

Ал күні бойы өткен ойындардың нәтижесінде Қарағанды қаласынан келген «Арлан» командасы жеңімпаз атанып, Алматыда өтетін республикалық жарысқа жолдама алды.

ҚАРИЯЛАР ФЛЕШМОБ ӨТКІЗДІ

Нұр-Сұлтан қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасының ұйымдастыруымен «Ардагерлер саламатты өмір салтын қолдайды» атты флешмоб ұйымдастырылды.

Есіл ауданы әкімдігінің алдындағы алаңда елордалық Ардагерлер кеңесінің өкілдері, еңбек ардагерлері, зейнеткерлер арнайы фитнес нұсқаушысының жетекшелігімен жаттығулар жасады.

Есіл аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Рысты Тұрғынбаева бұл іс-шараның Қарттар мерекесіне орай ардагерлерге мерекелік көңіл-күй сыйлау мақсатында өткенін атап өтіп, ұйымдастырушыларға алғысын айтты.

«Таза ауада спорттық жаттығулар өткізіп, би

билеп, бір серпіліп қалдық. Осындай іс-шараларды ұйымдастыруға көмектескен Есіл ауданының әкімдігіне, қалалық Дене шынықтыру және спорт басқармасына дән ризамыз. Аталған шараға ардагерлеріміздің «Есіл толқындары» және «Парасат» ансамблдері мүшелері де қатысып, ән шашу жасады. Біздің тілегіміз – әрқашан аспанымыз ашық, деніміз сау болып «Алға, Қазақстан» деп жүре берейік» деп ізгі тілегін білдірді аудандық Ардагерлер ұйымының жетекшісі.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор –
Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор –
Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың
орынбасары –
Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды
сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс №109
Баспахана: Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік көшесі, 8, 5-кеңсе «КОМЕК INV» ЖШС

📍 **Редакция мекенжайы:**
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК
astana.aqsham@gmail.com

📞 **Қабылдау бөлмесі:**
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-teklama@mail.ru

✉ **astana.akshamy@mail.ru**

Кезекші редактор – Гүлшат САПАРҚЫЗЫ